

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 936 қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 7-т. қараңыз.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің аумақтық органы – мемлекеттік мекемесі – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы;

2) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері құрылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 11.07.2018 № 420 қаулысымен.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігі комитеттерінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері;

2) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес республикалық заңды тұлғалар қайта аталсын.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің ведомстволары осы қаулының 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген

республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2015 № 100 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакеттерін (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне берсін;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 16-тармағының 17), 23), 52), 101), 110), 111), 112), 113), 114), 115), 117), 118), 119), 150), 168), 169), 170), 171), 172), 173), 174), 175), 176), 177), 178), 179), 180), 181), 182), 183), 184), 185), 186), 187), 188), 189), 190), 191), 192), 193), 194), 195), 196), 197), 198), 199), 200), 201), 202), 203), 204), 205), 206), 207), 208), 209), 210), 211), 212), 213), 214), 215), 216), 217), 218), 219), 220), 221), 398), 401), 407), 408), 411), 438), 449), 450), 451), 452) және 456) тармақшаларын және 17-тармағының 64) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 16-тармағының 77) тармақшасы 2014 жылғы 21 қарашаға дейін қолданыста болады, Ереженің 16-тармағының 230), 453), 454) және 455) тармақшалары және 17-тармағының 414), 415) және 416) тармақшалары Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін қолданыста болады.

Ереженің 16-тармағының 71-3), 71-4) тармақшалары және 17-тармағының 30-4) тармақшасы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік және тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Ереженің 17-тармағының 191-2) тармақшасы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасы

Заңының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Ереженің 16-тармағының 158) тармақшасы және 17-тармағының 106-3) тармақшасы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін, 17-тармағының 110) тармақшасы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662; өзгеріс енгізілді – 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Үкіметінің

2014 жылғы

№ 995

бекітілген

Республикасы

19 қыркүйектегі

қаулысымен

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) индустрия және елді индустриялық-инновациялық дамыту, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, жергілікті қамтуды дамыту, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; экспорттық бақылау; өнеркәсіптік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; бағалы металдар өндірісін және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымын реттеу; мемлекеттік инвестициялық саясат және инвестицияларды қолдау саясаты, қолайлы инвестициялық ахуалды жасау, арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату; инвестицияларды мемлекеттік қолдау саясатын іске асыру; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру; уранды өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын мемлекеттік басқару; теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда

мақсатында теңізде жүзу, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) саласындағы мемлекеттік реттеу; экспортты ілгерілету салаларындағы (бұдан әрі – реттелетін салалар) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Министрліктің Инвестиция комитеті;
- 2) Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті;
- 3) Министрліктің Техникалық реттеу және метрология комитеті;
- 4) Министрліктің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті;
- 5) Министрліктің Автомобиль жолдары комитеті;
- 6) Министрліктің Азаматтық авиация комитеті;
- 7) Министрліктің Көлік комитеті;
- 8) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен;
- 9) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.
- 10) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353; 15.11.2016 № 704; 15.02.2017 № 70 қаулыларымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

10. Министрліктің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің миссиясы, негізгі мақсаты, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы:

индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы жергілікті қамтуды дамыту, өнеркәсіптік қауіпсіздік, бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымын реттеу; экономика мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көлік-коммуникация кешенін дамыту мақсатында теміржол, автомобиль, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары салаларында елді ғылыми-техникалық дамыту; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты-тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (

орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа); экспортты ілгерілету салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.

15. Міндеттері:

1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы жергілікті қамтуды дамыту, елді ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургия кешені, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарының өндірісі, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі; экспорттық бақылау; өнеркәсіптік қауіпсіздік; энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру; кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау; бағалы металдар өндірісі және бағалы металдар мен асыл тастар, құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарлары, зергерлік және басқа да бұйымдар айналымы; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу бойынша; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын өндіру, уранды өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын мемлекеттік басқару; теміржол көлігі, автомобиль көлігі, ішкі су көлігі, сауда мақсатында теңізде жүзу салаларында, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі, автомобиль жолдары; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа); экспортты ілгерілету салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

5) индустриялық-инновациялық жүйені жоспарлау, мониторингтеу, ынталандыру, дамыту;

6) экономиканы дамыту және заманауи технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістерді құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңартуға инвестицияларды ынталандыру үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторингтеу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

8) экономиканы әртараптандыру және үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту процесстерін үйлестіруді жүзеге асыру;

9) көліктің және оның өміршеңдік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

9-1) көлік саласында инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

9-2) мемлекеттің және халықтың тасымалдауға мұқтаждығының болжамдарын әзірлеу;

9-3) көлік саласында Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау;

9-4) экономиканың және республика халқының тасымалдауға, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалына және олармен байланысты көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

9-5) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоса алғанда, жаңа технологияларды, мүгедектер үшін бейімделген құрылғылар мен технологиялардың ұтқырлығын жеңілдететін құралдарды пайдалану;

9-6) жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік жұмыскерлерін мүгедектермен қарым-қатынас жасау және оларға қызмет көрсету дағдыларына, оның ішінде ымдау тіліне үйрету;

9-7) көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау және қадағалау;

9-8) Қазақстан Республикасы көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу функцияларын жүзеге асыру;

10) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, оқыс оқиғалар кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды ықпалының алдын алу;

11) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

12) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

13) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

14) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

15) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16) реттелетін салаларда мемлекеттік басқару;

17) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жоғарылату кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

18) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353; 15.11.2016 № 704; 15.12.2016 № 804; 15.02.2017 № 70; 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Орталық аппараттың функциялары:

1) реттелетін салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

1-1) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын реттелетін салаларда (аяларда) мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

1-2) экономиканың тиісті салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бәсекелестікті дамыту жөнінде шаралар қабылдау және бәсекелестікке теріс ықпал ететін әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасамау;

2) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

2-1) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу;

3) реттелетін салалардағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, сондай-ақ жартыжылдық тексеру жүргізу жоспарларын бекіту;

4-1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруды жүзеге асыру;

4-2) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру;

4-3) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

6) реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілерді өз құзыреті шегінде әзірлеу, келісу және бекіту;

6-1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының

3-тармағында көзделген әзірленетін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдауды жүргізу;

6-2) реттегіш құрал енгізілген немесе енгізілуі жоспарланып отырған жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару саласындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы есептерді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;

7) реттелетін салаларда салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

8) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

9) жеке кәсіпкерлердің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, заң жобаларының тұжырымдамаларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға сараптама жасауға қатысуға үміткер жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерін аккредиттеуді жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамын бекіту;

10-1) Қоғамдық кеңес құру;

10-2) Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

10-3) Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуын келісу;

10-4) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында Министрлік өкілдігінің дербес құрамын айқындау;

10-5) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;

10-6) Қоғамдық кеңестің құрамын және оның ережесін бекіту;

10-7) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

10-8) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актінің жобасын Қоғамдық кеңеске жіберу;

10-9) Қоғамдық кеңестің қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімдерін келісу;

10-10) Министрлік жұмысының нәтижелері туралы Қоғамдық кеңеске есеп беру;

11) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін бекіту;

12) халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктермен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

13) реттелетін салаларда шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттердің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігін жүргізу;

14) халықаралық ұйымдармен және (немесе) шет мемлекеттермен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу;

15) реттелетін салаларда кадрлар қажеттілігін айқындау;

16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесіне) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

17) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен үлестес заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың технологиялар мен инновацияларды дамыту бөлігінде даму стратегиялары мен жоспарларын келісу;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне оның құрамын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

19) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын ұсыну;

20) индустриялық-инновациялық дамыту саласында мониторингті және мемлекеттік органдарды салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыру;

21) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын операторларды айқындау;

22) индустриялық-инновациялық жүйені жоспарлауды, мониторингтеуді, ынталандыруды, дамытуды жүзеге асыру;

23) индустрияландыру картасын әзірлеу;

- 23-1) жобаларды индустрияландыру картасына және өңірлерде кәсіпкерлікті қолдау карталарына енгізу тәртібін әзірлеу;
- 23-2) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын операторларды айқындау;
- 23-3) аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу тәртібін бекіту;
- 23-4) еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту;
- 24) конструкторлық бюролардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 25) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;
- 25-1) бағалы металдарды өндіру, бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, зергерлік және басқа да бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 25-2) асыл тастарға, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалатын зергерлік және басқа да бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;
- 25-3) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларына нормативтік құжаттарды бекіту;
- 25-4) қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген бағалы металдардан және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларынан қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын растау;
- 25-5) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы зиянды қоспалар мен бағалы металдар құрамының шекті мәнін айқындау қағидаларын бекіту;
- 25-6) шикізат тауарларының түрлері бойынша жеке-дара технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесіндегі бағалы металдарды өндіруші әрбір субъект үшін құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы зиянды қоспалар мен бағалы металдар құрамының шекті мәнін белгілеу;
- 25-7) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту;
- 25-8) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесіндегі бағалы металдарды өндіру субъектілерінен бағалы металдар мен құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеуден және (немесе) аффинаждаудан бас тартуды немесе уәкілетті органның осындай бас тартудың болуы туралы растамасын алу тәртібін айқындау;
- 25-9) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін бекіту;

25-10) құрамында бағалы металдар бар әкетілетін шикізат тауарларынан көрсетімдік сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу тәртібі мен нысанын айқындау;

25-11) атаулы таңбаны уәкілетті ұйымда міндетті тіркеу тәртібін айқындау;

25-12) уәкілетті ұйымның тіркелген атаулы таңбалар туралы мәліметтерді тоқсан сайын ұсыну тәртібін айқындау;

26) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

27) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

28) инновациялық гранттар берудің басым бағыттарын айқындау;

29) Технологиялық саясат жөнінде кеңес құру және оның ережесі мен құрамын бекіту;

30) салаларды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31) технологияларды коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

32) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

33) инновациялық гранттар беру кезінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметтеріне ақы төлеу тәртібін әзірлеу және айқындау;

34) технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ осындай қызметтер құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

35) технологиялық болжау жүргізу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

35-1) бес жылда кемінде бір рет қорытындылар шығара отырып технологиялық болжауды тұрақты негізде жүргізу;

36) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

37) инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, инновациялық гранттар беру;

38) технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде инновациялық гранттар беруге қаражат бөлу;

39) ұлттық басқарушы холдингтермен, ұлттық холдингтермен, ұлттық компаниялармен және олармен үлестес заңды тұлғалармен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайтын технологиялық меморандумдар жасасу;

40) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды жеткізушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту;

41) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту;

42) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері ұсынатын тиісті мамандарға қажеттілік туралы мәліметтер негізінде экономиканың басым секторлары үшін мамандар даярлау талап етілетін мамандықтардың тізбесін айқындау бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

43) жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау көрсету және олардың отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу;

44) жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтымен жасалатын шарт негізінде индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілету бойынша шығындарын өтеуге қаражат бөлу;

45) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

46) экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтын және Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне сервистік қолдау шараларын ұсыну және олардың отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу;

46-1) индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну;

47) жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу;

48) басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу ;

49) ілгерілету бойынша шығындар ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесін бекіту;

50) отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту;

51) техникалық регламентті бекітуді қоспағанда, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту немесе келісу;

52) жер учаскелері меншікке өтеусіз негізде берілетін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындар тізбесіне енгізу үшін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындарды іріктеу критерийлерін әзірлеу;

53) жер учаскелері меншікке өтеусіз негізде берілетін отандық өнеркәсіптік кәсіпорындар тізбесін әзірлеу;

54) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұйымдардың және мемлекеттік органдардың сатып алуы кезінде жергілікті қамтудың үлесін ұлғайту жөнінде шаралар әзірлеу және мемлекеттік саясатты іске асыру;

55) жергілікті қамту мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және әдіснамалық қамтамасыз ету;

56) Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

57) ғимараттардың, құрылыстардың және олардың қоршау конструкцияларының бөлігі болып табылатын элементтерінің энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу;

57-1) құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының энергия тиімділігі талаптарын белгілеу;

58) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтын айқындау;

58-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдар тізбесін бекіту;

59) энергия тұтынудың нормативтерін, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін бекіту;

60) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау тетігін бекіту;

61) көліктің энергия тиімділігі бойынша талаптарды белгілеу;

62) технологиялық процестердің, жабдықтардың, оның ішінде электр жабдығының энергия тиімділігі жөніндегі талаптарды белгілеу;

62-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (4 және одан да жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерінің өндірісін ынталандыру қағидаларын бекіту;

63) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекіту;

64) энергетикалық аудит жүргізу тәртібін бекіту;

65) үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларына қойылатын энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптарды бекіту;

66) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым нысанын бекіту;

67) энергия аудитінің қорытындысы бойынша Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісі әзірлейтін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарын бекіту;

68) оқу орталықтарының қызмет тәртібін айқындау;

68-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәлікті, энергия аудиторының аттестатын беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін бекіту;

68-2) энергия аудиторларына кандидаттарды аттестаттауды жүргізу тәртібін айқындау;

68-3) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудиторы аттестатының нысанын бекіту;

68-4) үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды энергия тиімділігі бойынша таңбалау нысанын бекіту;

68-5) энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және жүргізу, энергия тиімділігі картасына жобаларды іріктеу және енгізу тәртібін айқындау;

68-6) энергия аудиті қорытындыларына талдау жүргізу тәртібін айқындау;

68-7) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын бекіту;

69) орталық атқарушы органдардың энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы жөніндегі есептерінің нысанын және оларды ұсыну мерзімдерін бекіту;

70) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы үлгілік келісімді әзірлеу және бекіту;

70-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен және энергетикалық ресурстарды жылына бір жүз мың және одан көп тонна шартты отын көлемінде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісімен ерікті негізде энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы келісімді жасасу;

70-2) энергия-сервистік шарттың үлгілік нысандарын бекіту;

71) Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғалармен Моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасудың тәртібін, шартын және үлгілі нысанын айқындау;

71-1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша импорты қосылған құн салығынан босатылған моторлы көлік құралдарын

өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасаған салық төлеуші пайдаланатын автокомпоненттер тізбесін белгілеу;

71-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша инвестициялық келісімшарт шеңберінде импорты қосылған құн салығынан босатылатын шикізаттың және (немесе) материалдардың тізбесін бекіту;

71-3) 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шикізаттан және (немесе) материалдардан ғана еркін қойма аумағында өндірілген және еркін қойма иесі Қазақстан Республикасының аумағында өткізетін тауарлардың тізбесін бекіту;

71-4) 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған шикізаттан және (немесе) материалдардан ғана еркін қойма аумағында өндірілген тауарды өндіру кезінде пайдаланылғаны туралы растау нысанын бекіту;

72) Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғалармен бекітілген нысан бойынша моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасу;

72-1) заңды тұлға шығарған моторлы көлік құралдары үлгілерінің "Кеден одағына мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің аумақтарында "моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру" ұғымын қолдану шарттары туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 72 шешімінің 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешімдерді қабылдау;

72-2) көлік құралдарының (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техникалардың басқа түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) электрондық түрде ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерін дайындаушы ұйымдар және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдардың) бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін қалыптастыру және жүргізу;

72-3) мүдделі адамдардың сұрау салулары бойынша көлік құралдарының (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техникалардың басқа түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерін дайындаушы ұйымдардың және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдардың) бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінде қамтылған мәліметтерді ұсыну;

73) мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, омырау белгісінің, нөмірлік мөртабаны мен пломбирінің үлгілерін белгілеу;

74) мемлекеттік инспекторлар актілерінің нысандарын бекіту;

75) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру тәртібін бекіту;

76) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бекіту;

77) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

78) қауіптілігі жоғары аймақта болу және онда жұмыс жүргізу қағидаларын бекіту;

79) өнімдерді экспорттау мен импорттауға лицензия беру қағидаларын бекіту;

80) импорттаушылардың (түпкі пайдаланушылардың) кепілдік міндеттемелерін ресімдеу және олардың орындалуын тексеру қағидаларын бекіту ;

81) өнімнің транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту;

82) өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өңдеуге рұқсат беру қағидаларын бекіту;

83) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (мәлімдеушілердің) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесіне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

84) өнімнің кері экспортына рұқсат беру қағидаларын бекіту;

85) химиялық өнімдердің жекелеген түрлерін есепке алу тәртібін бекіту;

86) химиялық өнімді тіркеу және есепке алу тәртібін бекіту;

87) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркеуге арналған өтінім мен сауалнаманың нысандарын бекіту;

88) құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды бекіту;

89) қоршаған ортаға әсері бағаланған арнайы экономикалық аймақ құрудың тиісті техникалық-экономикалық негіздемесінің тұжырымдамасын, арнайы экономикалық аймақты құрудың немесе таратудың орындылығы мәселесін қарау үшін сарапшылық кеңестің қорытындысын қоса бере отырып, арнайы экономикалық аймақты құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу;

90) арнайы экономикалық аймақты басқару органының арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және таратылуы саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органға және Қазақстан

Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар жөніндегі бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну тәртібі мен мерзімділігін айқындау;

91) жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы талдамалық ақпарат беру;

92) инвестициялық преференцияларды ұсынуға арналған өтінімге қоса берілетін инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасауға қойылатын талаптарды белгілеу;

92-1) инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептердің нысанын белгілеу;

92-2) инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасын орындаудың ағымдағы жай-күйі туралы актінің нысанын белгілеу;

92-3) инвесторларға мемлекеттік қызметтер көрсету және оларды мемлекеттік органдарда сүйемелдеу шеңберінде өзара іс-қимыл жасауға жауапты тұлғаларды айқындау туралы мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты мемлекеттік органдармен бірлескен бұйрықты бекіту;

92-4) Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтінішхат беру тәртібін айқындау;

92-5) Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімінің нысанын белгілеу;

92-6) инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін айқындау;

92-7) инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасымен инвестициялық келісімшарт жасасу;

92-8) инвестициялық келісімшарттың қолданысын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтату туралы инвесторға хабарлама жіберу;

92-9) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышын бекіту;

92-10) экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышын бекіту;

92-11) ұсынылған мемлекеттік заттай грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру туралы шешім қабылдау;

92-12) арнайы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімді қабылдау және тіркеу тәртібін бекіту;

92-13) арнайы инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім нысанын бекіту;

92-14) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасудың және бұзудың тәртібі мен шарттарын бекіту;

92-15) үлгілік арнайы инвестициялық келісімшартты бекіту;

92-16) арнайы инвестициялық келісімшартты дайындау;

92-17) кеден істері саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, арнайы инвестициялық келісімшарттарды іске асыру шеңберінде Кеден одағының кедендік аумағына әкелінген тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету бойынша шектеулермен ұштасқан кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер берілген ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған, шартты түрде шығарылған тауарларды нысаналы пайдалануды тану қағидалары мен мерзімдерін бекіту;

93) инвестициялық преференцияларды ұсынуға арналған өтінімді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін айқындау;

93-1) инвесторлар үшін "бір терезе" құру және оның жұмыс істеуі үшін инвесторларға немесе олардың заңды өкілдеріне мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдауға және олардың нәтижелерін беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерден мәліметтер алу арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған арнайы бөлінген орын ұйымдастыру;

93-2) орталық және жергілікті атқарушы органдарға инвесторлардың өтініштерін қарау туралы өтінішхат жасау және инвесторлардың құжаттарын мемлекеттік органдарға енгізу;

93-3) Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтінішхат беру;

93-4) өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары арасынан консультанттар мен сарапшыларды тарту;

94) қызметті жүзеге асыру туралы үлгі шартты бекіту;

95) арнайы экономикалық аймақты құру немесе тарату және ол туралы ережені бекіту орындылығы мәселесін қарау үшін сараптамалық кеңес құру;

96) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеумен пайдаланудың (жалдаудың) үлгі шартын бекіту;

96-1) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгілік шартын бекіту;

97) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеумен қайта пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгі шартын бекіту;

97-1) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалға алудың) үлгілік шартын бекіту;

98) арнайы экономикалық аймақ құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту;

98-1) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушысының, өтініш берушінің, арнайы экономикалық аймақ қатысушысының жобасын іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарын бекіту;

98-2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту;

98-3) құрылатын арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар жүргізу үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу;

98-4) арнайы экономикалық аймақ қатысушысы ретіндегі қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді арнайы экономикалық аймақ қатысушысының орындамағаны туралы актілерді белгілеу;

99) қызметтің қосалқы түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде рұқсат алу үшін өтінімге қоса берілетін құжаттар тізбесін бекіту;

100) басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу тәртібін, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын айқындау;

100-1) басқарушы компания құрылғанға дейін арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің басқарушы компания функцияларын орындау мерзімін айқындау;

101) нормативтік техникалық құжаттардың ресми басылымдарын тарату және пайдаланушыларды қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

102) сәйкестікті растау, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру тәртібін бекіту, оларды ұйымдастыру және аттестаттау, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын бекіту;

103) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту;

104) әскери және қосарлы мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған әскери стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттарды, алдын ала ұлттық стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін айқындау;

105) халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын, ұйымдардың стандарттарын, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, шет мемлекеттердің стандарттау, сәйкестікті растау мен аккредиттеу жөніндегі қағидаларын, нормаларын және ұсынымдарын, оларды ұйымдардың стандарттарында қолдануды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында есепке алу және қолдану тәртібін айқындау;

106) мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу тәртібін белгілеу;

107) үкіметтік емес стандарттарды әзірлеу, консенсусын қамтамасыз ету, бекіту, есепке алу, тіркеу, белгілеу, өзгерту, күшін жою, өзекті ету, сақтау, басып шығару, тарату, әзірлеушінің авторлық құқықтарын сақтау және қолданысқа енгізу тәртібін айқындау;

108) өнімнің каталогтық парағының нысанын белгілеу;

109) техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу қағидаларын бекіту;

110) Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындау;

111) техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және күшін жою тәртібін белгілеу;

112) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілеу және оларды дайындауды ұйымдастыру;

113) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларын бекіту;

114) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

114-1) техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді алып қою мен кері қайтарып алуды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

115) ұйым стандарттарын, консорциум стандарттарын және әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға (өнімге), жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған әскери стандарттарды қоспағанда, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың ресми басылымдарын тарату, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

116) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшыларға және өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерге аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізу қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

117) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау тәртібін айқындау;

118) Қазақстан Республикасының аумағында бастапқы ретінде шама бірлігінің мемлекеттік эталондарын бекіту;

119) өлшем құралдарының түрлерін бекіту туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттардың нысандарын белгілеу;

120) салыстырып тексеру таңбаларын дайындау, сақтау және қолдану тәртібін белгілеу;

121) техникалық құралдардың өлшем құралдарына қатыстылығын белгілеудің тәртібін айқындау;

122) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарының сыныптамасын белгілеу;

123) өлшем құралдарына, әдістері мен нәтижелеріне, өлшем құралдарын тексеру әдістемелеріне жалпы метрологиялық талаптарды айқындау;

124) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын белгілеу және оларды дайындауды ұйымдастыру;

125) шағымдарды (апелляцияларды) қарау үшін апелляциялық комиссия құру ;

126) сәйкестікті бағалау саласында мәлімделетін аккредиттеу саласын аккредиттеуге қағаз және электрондық жеткізгіштердегі өтінімнің нысанын, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына) метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспортты, өлшемдерді орындау әдістемелерін, сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтерді (сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін) бекіту;

127) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу алдындағы және аккредиттеуден кейінгі үлгі шарттарды бекіту;

128) техникалық регламенттерді бекіту;

129) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, олардың жұмыс істеуі, таратылу тәртібін белгілеу;

130) мемлекеттік стандарттау жоспарларын әзірлеу тәртібін белгілеу;

131) жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) кепілін мемлекеттік тіркеу;

132) уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбалар бөлігінде жою қорын пайдалануға рұқсат беру;

133) берілген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар және жасалған келісімшарттар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;

134) жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жөніндегі міндеттемелерін орындау кепілдерінің үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

135) пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру және тоқтату;

136) уран өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды реттеу;

137) Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру қағидаларын бекіту;

137-1) жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптамалық комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;

138) жер қойнауын пайдаланушыны бақылаудың өзгеруі туралы хабарлама нысанын әзірлеу және бекіту;

138-1) көмірсутектер саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

139) уранды өндіруді қоспағанда, қатты пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды жасау, мемлекеттік тіркеуді және сақтауды жүзеге асыру;

139-1) келісімшарттарды мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізу;

140) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияны беруге (қайта ресімдеуге, ұзартуға) арналған өтініштің нысанын әзірлеу және бекіту;

141) Пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

141-1) Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияларды беруге өтініштер беру және қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

142) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия нысанын әзірлеу және бекіту;

142-1) Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, хабарлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

142-2) Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидаларын бекіту;

143) Геологиялық барлау кезеңділігінің қағидаларын бекіту;

144) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

145) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған келісімшарттар және берілген жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар шарттарының орындалу барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

146) Меншіктегі, сондай-ақ мемлекеттің иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларын бекіту;

147) геологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және беру жөніндегі ұлттық операторды айқындау;

148) Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерін сақтау және есепке алу қағидаларын бекіту;

149) Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын бекіту;

150) Жер қойнауына мемлекеттік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту;

151) Жер қойнауын сараптау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені және оның құрамын бекіту;

152) бір блок үшін қамтамасыз ету мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

152-1) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың немесе лицензияның шарттарын орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіру;

153) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

153-1) Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

153-2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларының және (немесе) келісімшарттар шарттарының сақталуын бақылауды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша міндеттемелерін орындауына мониторингті жүзеге асыру;

154) жұмыс бағдарламасының мазмұны мен нысанын әзірлеу және бекіту;

155) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша келіссөздер жүргізу жөніндегі жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын бекіту;

155-1) білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, Жер қойнауын пайдаланушы алдыңғы жылы өндіруге арналған шығыстарының бір пайызы мөлшерінде қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

155-2) геологиялық есептің нысанын бекіту;

155-3) Кен іздеушілікті жүргізу және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту;

155-4) Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамалары стандартын іске асыру бойынша есептіліктің нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

156) тау-кен жұмыс жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

157) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жою жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты және пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

РҚАО-ның ескертпесі!

16-тармақтың 158) тармақшасы 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 қаулысымен.

158) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені және оның құрамын бекіту;

159) пайдалы қазбалардың қорлары бойынша өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту;

160) ұстап тұру мәртебесі бойынша жұмыстар бағдарламасын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

161) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, пайдалы қатты қазбаларды барлау жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

162) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

163) кен іздеушілік жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

164) Пайдалы қатты қазбаларды барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде есептерді ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

165) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісімді жасасу бойынша өтініш нысанын және қайта өңдеу жобасының бизнес-жоспарын жасасу талаптарын әзірлеу және бекіту;

166) тиісті координаттары мен жеке кодтары бар блоктарды сәйкестендіру картасын бекіту;

167) Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

168) тарихи шығындарды және геологиялық ақпарат құнын айқындау тәртібін бекіту;

169) Бірдей басымдылығы бар өтініш берушілер арасында аукцион өткізу мерзімдері мен қағидаларын әзірлеу және бекіту;

170) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісімді жасасу жөніндегі жұмыс тобының құрамын және ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

171) Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын енгізу және пайдалы қазбалар қорын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту;

172) Геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту;

173) шетелдік валютадағы ең төмен жеке кредиттік рейтинг бойынша шарттарды әзірлеу және бекіту;

174) Жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режиміне ауысу қағидаларын , Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялық режиміне ауысу жөніндегі жұмыс қағидаларын әзірлеу және бекіту;

175) Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын бекіту;

176) жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша есептер нысандарын бекіту ;

177) Пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру қағидаларын бекіту;

178) Жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

179) ең төменгі рейтинг бағаларын айқындау;

180) Жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті органға нормаланатын ысыраптар туралы деректерді ұсыну қағидаларын бекіту;

181) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту;

182) Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын ұсыну қағидаларын бекіту;

183) Пайдалы қатты қазбаларды барлау немесе өндіру жөнінде операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелері бойынша аукцион өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

184) аукцион өткізу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамын бекіту;

185) Қазақстан Республикасының атынан пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісімді жасасу;

186) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісім жобасына құқықтық және экономикалық сараптамалар жүргізуді ұйымдастыру;

187) жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия беру, қайта ресімдеу, кері қайтарып алу;

187-1) ұстап тұру мәртебесі жөніндегі жұмыстар бағдарламасын келісу;

188) аукцион өткізу туралы шешім қабылдау және жер қойнауын пайдалану құқығы аукционға шығарылатын жер қойнауы учаскесінің шекараларын айқындау;

188-1) сараптама комиссиясы ұсынымдарының негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуден бас тарту немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде келіссөздер бастау туралы шешім шығару;

189) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және баға нормаларын бекіту;

190) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия немесе өндіруге арналған лицензия негізінде туындаған жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуына, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілердің ауысуына рұқсат беру;

191) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

192) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

193) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

194) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195-1) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195-2) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195-3) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

195-4) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

- 195-5) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 195-6) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 195-7) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 195-8) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 196) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 197) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 198) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 199) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
- 200) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 201) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 202) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 203) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 204) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 205) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 205-1) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 205-2) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 206) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 207) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 208) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 209) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 210) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 211) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 212) Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 25.06.2018 № 376 қаулысымен
- 212-1) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 213) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 214) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 214-1) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 214-2) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 215) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 216) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.02.2017 № 70 қаулысымен.
- 217) жаңа магистральдық жолдарды салу бойынша шешімдер қабылдау;

218) магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын бекіту;

219) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

220) жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидаларын бекіту;

221) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын бекіту;

221-1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларының вагондарды сатып алуын кредиттеуге және қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты бекіту;

221-2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты бекіту;

221-3) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шарттың заңнамаға сәйкес бұзылуы жағдайында әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредиттік қаражатты қайтару мен жолаушылар вагондарын сатып алуға берілетін қаржылық лизингті төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындау;

221-4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша шарт жасасу;

221-5) әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін белгілеу;

221-6) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты бекіту;

221-7) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларының вагондарды сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялаудың қағидаларын бекіту;

221-8) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларының вагондарды сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау;

- 222) теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау тәртібін және шарттарын айқындау;
- 223) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар арқылы теміржол қатынасын тоқтату тәртібін белгілеу;
- 224) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін міндетті мемлекеттік тіркеу тәртібін белгілеу;
- 225) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;
- 226) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде жүктердің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;
- 227) арнайы тасымалды жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 228) магистральдық теміржол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту;
- 229) жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық теміржол желісінің құрамына беру қағидаларын бекіту;
- 230) жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;
- 231) теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту;
- 232) жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;
- 233) теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, теміржолдар арқылы жүру және өту қағидаларын бекіту;
- 234) шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын бекіту;
- 235) теміржол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту;
- 236) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін бекіту;
- 237) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесін бекіту;
- 238) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту;

239) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

240) теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

241) әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін айқындау;

242) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезеңділігін бекіту;

243) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу тәртібін айқындау;

244) міндетті техникалық қарап-тексеру жүргізу бойынша қызметтер құнын айқындау әдістемесін бекіту;

245) авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі операторының функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау;

246) авариялар мен апаттар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын бекіту;

247) автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту;

248) жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту;

249) әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту;

250) автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;

251) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

252) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;

253) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

254) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту;

255) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

256) Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктердің тасымалын ұйымдастыру және оны жүзеге асыру тәртібін бекіту;

257) төтенше жағдайларды жоюға тасымалдаушыларды тарту тәртібін айқындау;

258) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекіту;

259) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен қозғалу үшін арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін бекіту;

260) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіру және оның аумағынан шығу, сондай-ақ оның аумағы арқылы транзитпен жүріп өту тәртібін айқындау;

261) автомобильмен тасымалдаушыларға автомобильмен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын бекіту;

262) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;

263) кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

264) жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

265) кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту;

266) кемелермен тасымалдау үшін арналған қауіпті жүктерді тасымалдау тізбесін бекіту;

267) Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ережені бекіту;

268) теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесін айқындау;

269) ішкі су жолдары бойынша жүзу қағидаларын бекіту;

270) кәсіби диплом үлгілерін, кәсіби дипломның растамасын, теңізшілерге диплом беру қағидаларын бекіту;

271) теңіздегі кеме қатынасы аясында навигация және байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;

272) теңізде жүзу кітапшасының үлгісін, оны ресімдеу және беру тәртібін бекіту;

273) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды және сауда мақсатында теңізде жүзуге байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруына рұқсаттар беру тәртібін бекіту;

274) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

275) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау;

275-1) Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің, кәсіби дипломдардың, кәсіби дипломдарды растаудың, жеңілдік рұқсаттарының, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізу тәртібін бекіту;

275-2) кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дене жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша медициналық қорытындының нысанын бекіту;

275-3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

275-4) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды бекіту;

275-5) теңіз көлігі, теңіз оқу-тренажер орталықтары мамандарын даярлауды (қайта даярлауды) және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын куәландыру жөніндегі уәкілетті ұйымды айқындау қағидаларын бекіту;

275-6) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту;

275-7) навигациялық орталықтың көрсететін қызметтерін пайдалану тарифтерін бекіту;

275-8) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін порттар саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту;

275-9) порттар саласындағы табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобасының) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу;

275-10) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға табиғи монополия саласына жатқызылған теңіз порттарының көрсетілетін қызметтері тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің ұсынылып отырған деңгейін бекітудің орындылығының негіздемесі не оны бекітудің орынсыздығының негіздемесі сипатталған қорытынды беру;

276) теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидаларды бекіту;

277) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидаларын бекіту;

278) кемелердегі авариялық жағдайларды тергеу және сыныптау қағидаларын бекіту;

278-1) Министрдің бұйрығымен бекітілген болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру және сыныптау;

278-2) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

278-3) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тергеу;

279) кеме құжаттарының тізбесін, кеме құжаттарын жүргізу қағидаларын және кеме құжаттарына қойылатын талаптарды бекіту;

280) халықаралық маңызды мәртебесі бар теңіз порттарын, порт құрылыстарын және теңіз порты акваториясын пайдалану қағидаларын бекіту;

281) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу ;

282) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көліктік оқиғаларды тергеу қағидаларын бекіту;

283) шағын көлемді кеме мені және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бекіту;

284) кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналын жүргізу нысаны мен тәртібін бекіту;

285) Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын бекіту;

286) Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес теңіз көлігі мамандарын даярлау куәліктерінің тізбесі мен нысандарын бекіту;

287) теңіз порттарын салу үшін оларды орналастыру тәртібін айқындау;

288) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

289) мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру қағидаларын бекіту;

290) шағын кемелерді техникалық қадағалау жөніндегі қағидаларды бекіту;

291) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

292) ішкі су жолдарын пайдалану қағидаларын бекіту;

293) кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

294) жағалау белдеуін пайдалану тәртібін айқындау;

295) кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;

296) біліктілік комиссиялары туралы ережені, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту;

297) қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;

298) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

299) кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидаларын бекіту;

300) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын қою, жолаушыларды кемеге отырғызу және одан түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау тәртібін айқындау;

301) ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;

302) кемелердегі, оның ішінде ішкі су жолдарындағы шағын көлемді кемелердегі көлік оқиғаларын тергеуді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту;

303) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді гидрографиялық, ғылыми, гидротехникалық, құтқару қызметіне және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметке пайдалануды жүзеге асыруға рұқсат беру тәртібін бекіту және рұқсат беру;

304) ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

305) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кемелердегі қызмет жарғысын бекіту;

306) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйреу қағидаларын бекіту;

307) кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) техникалық пайдалану, тексеру және жөндеу қағидаларын бекіту;

308) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік қадағалау қызметкерлерін қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

309) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

309-1) кемелерді және порт құралдарын күзету жөніндегі қағидалар мен талаптарды бекіту;

309-2) шағын көлемді кемелердің жүзу аудандарының разрядына қарай су бассейндерінің тізбесін бекіту;

310) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

311) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

312) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

312-1) ұлттық контингентін бітімгершілік операцияға қатысуға жіберу жоспарланған мемлекеттік органдарға (ұйымдарға) қолжетімді байланыс түрлерімен қамтамасыз етуге және ұлттық контингент пен жүктерді бітімгершілік операция жүргізу аймағына (ауданына) және кері қарай тасымалдауға жәрдем көрсету;

313) аралас тасымалдар қағидаларын бекіту;

314) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, төтенше жағдай енгізілген кезде көлік кәсіпорындарының шарттық қатынастарын тоқтата тұру жөнінде шешім қабылдау;

315) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдарының тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз), нөмірлі омырау белгілерінің, қызметтік куәліктің үлгілерін бекіту;

316) тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін белгіленген тәртіпке сәйкес бекіту;

317) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларын бекіту;

318) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекіту;

319) автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту;

320) арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту;

320-1) қалалық рельсті көлікті күтіп-ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібін бекіту;

321) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

322) автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған шығындарды қаржыландырудың ғылыми негізделген нормативтерін дайындау;

323) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру;

324) жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

325) қолда бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеу үшін техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізудің тәртібін белгілеу;

326) Қазақстан Республикасының экономикасы мен қорғаныс қабілеттілігін нығайту міндеттеріне сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамытуды мемлекеттік жоспарлау;

327) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станциялық жолдардың, электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, ғимараттардың, құрылымдардың, құрылыстар мен өзге де объектілердің тізбесін бекіту;

328) тасымалдарды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға арналған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын айқындау;

329) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзет алып жүруге тиіс жүктердің тізбесін бекіту;

330) теміржол көлігі қызметкерлерін кәсіби үздік белгісімен марапаттау тәртібін бекіту;

331) экспедиторлар қызметін көрсету тәртібін айқындау;

332) вагондар (контейнерлер) операторлары қызметінің тәртібін айқындау;

333) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсету тәртібін айқындау;

334) тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;

335) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне кіретін операциялар тізбесін бекіту;

336) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша кірме жолдардың көрсетілетін қызметтеріне кіретін операциялар тізбесін бекіту;

337) кірме жолдарды пайдалану қағидаларын бекіту;

337-1) жаңадан салынып жатқан жолдардың жұмыс істеп тұрған кірме жолдарға жалғасуын келісу тәртібін бекіту;

338) күзет аймағындағы жерлердің көлемдерін, пайдалану режимін айқындау жөніндегі және теміржол көлігінің мұқтаждарына бөлінген белдеудегі жерлерді пайдалану қағидаларын бекіту;

339) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

339-1) жолаушылар поездарын тексеруді тағайындау туралы актіні есепке алу журналын жүргізу тәртібі мен оның нысанын бекіту;

340) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өзге де елді мекендердің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен келісу бойынша теміржол станцияларының, разъездердің жұмыс режиміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды ашу және жабу тәртібін айқындау;

341) пойыздардың қозғалысына тікелей байланысты теміржол көлігі жұмыскерлерінің кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөніндегі талаптарды айқындау;

342) жолаушылар пойыздарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің тәртібі мен шарттарын айқындау;

343) лауазымдар (кәсіптер) тізбесін, лауазымдарға (кәсіптерге) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби даярлық деңгейін, лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарын айқындау тәртібін белгілеу;

344) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарларын жою үшін қажетті материалдық және техникалық құралдар қорының тізбесін айқындау;

345) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін бекіту;

346) пойыздардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

347) жүк және жолаушылар вагондары мен тартқыш жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімдерін ұзарту қағидаларын бекіту;

348) теміржол өтпелерін пайдалану қағидаларын бекіту;

349) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және айырым белгілерін бекіту;

350) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру тәртібін бекіту;

351) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

352) пойыздар қозғалысына байланысты терминдерді бекіту;

353) Қазақстан Республикасында теміржол көлігіндегі жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

354) теміржол көлігіндегі табиғи монополиялар субъектілерінің шикізат пен материалдар, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, жанармай, энергия шығыстарының, техникалық шығындарының техникалық және технологиялық үлгілік нормаларын бекіту;

- 355) теміржол вокзалдарының тізбесін олардың сыныбына сәйкес бекіту;
- 356) теміржол көлігінде қолданылатын бірыңғай есепке алу-есептеу уақытын белгілеу;
- 357) теңіз портының капитанын лауазымға тағайындау және босату;
- 358) нысанды киім (погонсыз) берілетін теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, нысанды киім (погонсыз) киіп жүру тәртібін бекіту;
- 359) теңіз лоцмандарына арналған біліктілік талаптарын белгілеу;
- 360) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша сауда мақсатында теңізде жүзу саласында тасымалдау үшін жүктерді қабылдауды уақытша тоқтатудың немесе шектеудің әрекет ету мерзімін белгілеу;
- 361) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.
- 362) актілер нысандарын, оларды жасау тәртібін және актілерді жасауды талап етпейтін жағдайларды куәландыру тәртібін бекіту;
- 363) теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;
- 364) теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидаларын бекіту;
- 365) теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағидаларды бекіту;
- 366) теңіз кемелерінің жүк көтергіш құрылғыларын куәландыру қағидаларын бекіту;
- 367) кемелерді лоцмандық алып өтудің міндетті аудандары мен міндетті емес аудандарын белгілеу және мұндай аудандар туралы ақпаратты теңіз порттары мен лоцияларына жалпыға бірдей етіп жеткізу;
- 368) теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту;
- 369) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының теңіз флоты кемелерінің жүзу құрамының жұмыс уақыты мен демалыс уақытын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;
- 370) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша теңізшілердің еңбегі мен олардың еңбекақысын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;
- 371) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының теңіз әкімшілігі ретінде сөз сөйлеу;
- 372) жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту;
- 373) Қазақстан Республикасының теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту;
- 374) кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беру қағидаларын белгілеу;

- 375) мемлекеттік кеме тізілімінің, жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінің және кеме кітабының нысандарын бекіту;
- 376) лоцмандық қызмет туралы ережені бекіту;
- 377) ішкі су жолдары учаскелерінің тізбесін, міндетті лоцмандық алып өтуге жататын кемелердің үлгілері мен көлемдерін бекіту;
- 378) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) және айырым белгілерінің үлгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру тәртібін бекіту;
- 379) суға кеткен мүлікті көтерудің тәртібі мен мерзімдерін айқындау;
- 380) кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидаларын бекіту;
- 381) ішкі су көлігі саласындағы кеме атауын беру тәртібін белгілеу;
- 382) пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидаларын бекіту;
- 383) кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту қағидаларын бекіту;
- 384) пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидаларын бекіту;
- 385) ішкі суларда жүзетін кемелерді және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жаңарту жөніндегі қағидаларды бекіту;
- 386) техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағидаларды бекіту;
- 387) ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидаларын бекіту;
- 388) кемелердің командалық құрамының адамдарына арналған дипломның нысанын бекіту;
- 389) ішкі су жолдарында кемемен жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту;
- 390) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептіліктің нысандары мен мерзімдерін, сондай-ақ оны әзірлеу тәртібін бекіту;
- 391) кеме қатынайтын су жолдарымен кемелердің жүзуі туралы есептілікті әзірлеу;
- 392) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша ішкі су көлігі кемелеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қағидаларды бекіту;
- 393) қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындау;
- 394) күзетуге және алып жүруге арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;
- 395) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту;

396) екінші санаттағы рұқсатты алуға арналған өтініштердің нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

397) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын бекіту;

398) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолын (учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылдау;

399) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру қағидаларын бекіту;

400) облыстық немесе аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру үлгі шартын бекіту;

401) жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық маңызы бар ақылы автомобиль жолымен (жол учаскесімен) жүріп өту үшін ақы алу тәртібін және мөлшерлемелерін айқындау;

402) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын, тізбесін, олардың атаулары мен индекстерін, оның ішінде қорғаныста пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту;

403) автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларын бекіту;

404) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен жүріп өту үшін алымдарды төлеу тәртібі мен олардың мөлшерлемелерін бекіту;

405) сапаға сараптама жүргізу жөніндегі заңды тұлғалардың автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

406) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларын бекіту;

407) астананың, республикалық маңызы бар қаланың көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуді және күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту;

408) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, шаруашылық автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін мемлекеттік есепке алу тәртібін белгілеу;

409) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларын бекіту;

410) авиация персоналын кәсіптік даярлау қағидаларын бекіту;

411) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

412) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

413) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес астананың және астаналық әуежайдың үстіндегі әуе кеңістігін пайдалану тәртібін белгілеу;

414) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

415) азаматтық авиацияның пайдаланушылары мен ұйымдарының қаржы-экономикалық жағдайы туралы ақпараттың нысанын бекіту;

416) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

417) Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

418) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

419) азаматтық авиацияда әуеайлақтық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

420) азаматтық әуе кемелерін авиациялық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

421) Қазақстан Республикасының әуежайларында жолаушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

421-1) Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау мен өңдеу жөніндегі бірыңғай талаптар мен технологиялық рәсімдерді бекіту;

421-2) электрондық авиажүкқұжатының нысанын бекіту;

421-3) Әуе көлігімен багажды, поштаны және жүктерді тасымалдау және өңдеу кезінде ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту;

421-4) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу әдістемесін бекіту;

421-5) табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация мен әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) белгілеу;

421-6) азаматтық әуе кемелерінде қауіпті жүктерді әуеде тасымалдау қағидаларын бекіту;

421-7) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін азаматтық авиация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту;

421-8) табиғи монополиялар салаларына жатқызылған әуежайлар мен аэронавигация көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту;

422) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту;

423) Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

424) әуе кемелерін ұшу алдында және арнайы қарап-тексеру қағидаларын бекіту;

425) авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру қағидаларын бекіту;

426) жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

427) азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

428) азаматтық авиацияда аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

429) сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларын бекіту;

430) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

431) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

432) жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларын бекіту;

433) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және оларды жөндеу қағидаларын бекіту;

434) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсететін және оны жөндейтін ұйымды сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

435) азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

436) аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту;

437) Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиациясы әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

438) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

439) пайдаланушыны авиациялық жұмыстарға жіберу қағидаларын бекіту;

440) жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларды ұшуға рұқсат беру қағидаларын бекіту;

441) аэроклубтар туралы үлгілік ережені бекіту;

442) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту;

443) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында бортсеріктердің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

444) әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

445) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларын бекіту;

446) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) азаматтық әуе кемелерін пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін бағалау әдістемесін бекіту;

447) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының ұшуын электр жарығымен техникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

448) Қазақстан Республикасының әуежайларында арнайы көлік қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту;

449) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарында авиациялық жанар-жағармай материалдары мен арнаулы сұйықтықтарды сақтау, құюға беруге дайындау және олардың сапасына бақылау жүргізу қағидаларын бекіту;

450) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуын орнитологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

451) авиатасымалдауды ұйымдастыру қызметі туралы үлгілік ережені бекіту;

452) авиациялық қауіпсіздік қызметі туралы үлгілік ережені бекіту;

453) азаматтық авиация ұйымдарының өндірістік-диспетчерлік қызметі туралы үлгі ережені бекіту;

454) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап - тексеруді ұйымдастыруын сертификаттау және сертификат беру қағидаларын бекіту;

455) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары мен мамандары лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ осындай лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

456) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту;

456-1) көлік-логистика орталықтарын жайластыру және техникалық жарақтандыру жөніндегі үлгілік талаптарды әзірлеу және бекіту;

457) авиациялық оқу орталықтарына қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту;

458) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі ұйымдарға қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту;

459) азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету ұйымдарына қойылатын талаптарды бекіту;

460) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап - тексеруді ұйымдастыруы бойынша қойылатын сертификатталған талаптарды бекіту;

461) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

462) азаматтық авиацияның авиация персоналының киім үлгісін кию және айырым белгілерін тағып жүру қағидаларын бекіту;

463) сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтар мен қону алаңдарының пайдалануға жарамдылығын айқындау қағидаларын бекіту;

464) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкес ұшу қауіпсіздігі бағдарламасын әзірлеу;

465) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту;

466) Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары арасында тұрақты әуемен тасымалдауларды жүзеге асыруға арналған халықаралық және субсидияланатын (облысшілікті қоспағанда) авиамаршруттарды бөлуді конкурстық негізде жүргізу;

467) әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

468) әуе қозғалысына қызмет көрсету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды бекіту;

469) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық персоналды кәсіптік даярлаудың үлгі бағдарламаларын бекіту;

470) әуежайды пайдаланушының бірінші басшысы лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

471) әуе кемелерін есептен шығару қағидаларын бекіту;

472) Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне қызмет көрсету үшін уақытша интервалдарды бөлу қағидаларын бекіту;

473) Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісу бойынша халықаралық ұшуларға қызмет көрсетуге рұқсат берілген әуежайдың пайдаланушыға қатысты уақытша басқаруды енгізу және уақытша әкімшілікті қалыптастыру;

474) азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркелетін танылым және қосымша белгілерді салу тәртібін және көрсетілген белгілердің сипаттамасын айқындау;

475) шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты ұшу кестесін бекіту;

476) азаматтық және эксперименттік авиация үшін ұшуға дайындық қағидаларын бекіту;

477) субсидияланатын маршруттарда ұшуды орындаған кезде ұшу сағатының өзіндік құнын есептеу нұсқаулығын бекіту;

478) азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;

479) әуежайдың бақыланатын аймағына өту, көлікпен өту құқығына арналған рұқсаттамалардың түрлері мен нысандарын бекіту;

480) халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсаттар беру қағидаларын және оны беруден бас тарту негіздерін бекіту;

481) авиакомпанияның бірінші басшысы лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

482) авиациялық қауіпсіздік бойынша даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту;

483) халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында өкілдік етуін жүзеге асыру;

484) әуе трассаларын пайдалануға рұқсат ету қағидаларын бекіту;

485) әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу тәртібін айқындау;

486) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

487) азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту;

488) Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не әуе кемелерінің пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен басқа мемлекеттердің аумағында болған азаматтық авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеруге қатысу;

489) авиациялық оқиғаларды және инциденттерді болдырмау немесе олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар беру, сондай-ақ осы ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізу;

490) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттер жөнінде статистикалық деректер жүргізу;

491) Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекеттері пайдаланушыларының әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен инциденттер бойынша статистикалық деректер жүргізу;

492) халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен статистикалық деректермен алмасуға қатысу;

493) авиациялық оқиғаларды және инциденттерді тергеуге жауапты шетел мемлекеттерінің органдарымен және халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен ынтымақтастық жасасу;

494) авиациялық оқиғаларды және инциденттерді тергеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен ынтымақтастық жасасу;

495) авиациялық оқиғаларды және инциденттерді тергеу кезінде дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз ету;

496) ұшу қауіпсіздігі туралы құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету;

497) авиациялық оқиғаларды жинау, бағалау, өңдеу, сақтау және тіркеу тетіктерін қоса алғанда, авиациялық оқиғалар мен инциденттер туралы деректерді міндетті және ерікті түрде беру жүйесін әзірлеу, енгізу, зерделеу және қолдау;

498) мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі ұшу қауіпсіздігі туралы ақпаратпен алмасуға және авиациялық оқиғалар туралы ақпаратты таратуға қатысу;

499) азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігімен байланысты ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыру, сондай-ақ осындай ақпаратты азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізу;

500) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін меңгеру деңгейін айқындауға арналған тестілеу қағидаларын бекіту;

500-1) авиациялық медициналық орталықты сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ авиациялық медициналық орталықтарға қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту;

500-2) авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындау қағидаларын бекіту;

500-3) азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту;

500-4) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық органының лауазымды адамдарын мемлекеттік авиация инспекторларының санаттарына жатқызу қағидаларын бекіту;

500-5) әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қажеттілікті бағалау әдістемесін бекіту;

500-6) азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

500-7) ұлттық қауіпсіздік органдарымен және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әуе кемелерінің елді мекендердің үстінен ұшу схемаларын (маршрутын) бекіту;

500-8) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды, сондай-ақ оларға құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

500-9) азаматтық авиациядағы ұшуды имитациялаудың тренажерлік құрылғыларын бағалау жөніндегі қағидаларды бекіту;

500-10) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту;

500-11) авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау қағидаларын бекіту;

500-12) авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту;

500-13) әуе кемесінің бортында мінез-құлық қағидаларын бекіту;

500-14) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесе отырып, әуежай қызметінің құрамына кіретін әуеайлаққа және жерде қызмет көрсету қызметтерінің (жұмыстарының) тізбесін бекіту;

500-15) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен бірлесіп әуежайларда жерде қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

500-16) Қазақстан Республикасында шетелдік әуемен тасымалдаушыларды аккредиттеу қағидаларын бекіту;

500-17) ұшу құрамының, кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру қағидаларын бекіту;

500-18) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына және ұсынылатын практикасына сәйкес авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз

етуге қатысатын мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздік бағдарламасын әзірлеу;

501) Қазақстан Республикасының авиация қызметі және әуе кеңістігін пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкестігінің мониторингін жүзеге асыру;

502) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарынан және ұсынылатын практикасынан айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымына (ИКАО) уақтылы хабарлауды және олардың аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялануын қамтамасыз ету;

503) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша авиакомпаниялардың (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінен басқа) оқиғалар, төтенше жағдайлар орындарына құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың жеке құрамын тасымалдау және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу бойынша қызметтер көрсетуі туралы шешім қабылдау;

504) шет мемлекеттердің мемлекеттік және эксперименттік әуе кемелерінің халықаралық ұшуы, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарақтарын және әскери техникасын тасымалдауға арналған әуе кемелерінің халықаралық ұшуы үшін ашылған әуежайларды айқындау;

505) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

506) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

507) - 598) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен;

599) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

600) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

601) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

602) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

603) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

604) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

605) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

606) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

607) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

608) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

609) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

610) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

611) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

612) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

613) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

614) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

615) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

616) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

617) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

618) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

619) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

620) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асыру;

621) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

622) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

623) мемлекеттік құпияны қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар туралы халықты хабардар ету, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

624) іс-әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауаптылыққа тарту;

625) құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның, объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

626) сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

627) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының жобасын әзірлеуді қамтамасыз ету;

628) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аумақтарды дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеуге тапсырысты жүзеге асыру;

629) елді мекендердің шекарасы (шектері) жобаларының құрамын, мазмұнын және оларды әзірлеу тәртібін айқындау;

630) республикалық маңызы бар қаланың, сондай-ақ халқының саны жүз мың тұрғыннан асатын өзге де қалалар шекараларының (шектерінің) жобаларын келісу;

631) шағын елді мекендерді дамыту мен құрылыс салудың құрамын, мазмұнын және схемаларын әзірлеу мен келісу тәртібін айқындау;

632) жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу мен келісу тәртібін, міндетті құрамы мен мазмұнын белгілеу;

633) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналыстары хаттамасының және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне жазбаша сауалнама жүргізу кезінде дауыс беру парағының, кондоминиум объектісін басқару жөніндегі есептің үлгі нысанын әзірлеу және бекіту;

634) елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағын суларды қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

635) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлік объектілерін адрестеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

636) сараптама комиссияларын (сараптама топтарын) құру және кешенді ведомстводан тыс және қала құрылысы сараптамасына қатысу үшін мамандарды (мамандандырылған институттар мен ұйымдарды) тарту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

637) қала құрылысы және құрылыс жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

638) сараптама ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

639) қаржыландыру көздеріне қарамастан, үйлер мен ғимараттардың, олардың кешендерінің, инженерлік және көлік коммуникацияларының жаңаларын салуға, сондай-ақ қолданыстағыларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

640) бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен құрылыс жүргізуге арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту тәртібін айқындау;

641) ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін айқындау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

642) ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы кезең-кезеңімен әзірлеу мен келісудің жеке жоспарларын бекіту;

- 643) лицензияланатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру үшін қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын бекіту;
- 644) тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту;
- 645) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз ету;
- 646) орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну мәселелері бойынша іс-қимылдарын үйлестіру;
- 647) жоба алды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорында тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 648) елді мекендер шегінде ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 649) инспекциялау нәтижесі бойынша жұмысы тексерілген техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларға, сондай-ақ тапсырыс берушіге (меншік иесіне) берілетін, анықталған ақаулықтар сипатталатын, объектілер анықтамасы мен ведомосының нысанын белгілеу;
- 650) Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын әзірлеу;
- 651) тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;
- 652) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді пропорционалды бөлу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 653) мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 654) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 655) тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту;
- 656) кондоминиум объектісін басқару шартының үлгілік нысанын бекіту;
- 657) тұрғын үй инспекциясы ұсынып отырған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативі басқармасының төрағасы кандидатурасына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;
- 658) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

659) үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

660) тұрғын үй қатынастары саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

661) тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдарға басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуді әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

662) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру және оның нәтижелерін пайдалану;

663) салынып жатқан (салынуы көзделген) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізу тәртібін айқындау қағидаларын бекіту;

664) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту;

665) сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттауды жүргізу қағидаларын бекіту ;

666) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

667) ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту;

668) құрылыс салуды ұйымдастыру және құрылыс саласында рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту;

669) жасыл екпелерді ұстау және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту;

670) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін айқындау;

671) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

672) кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

673) құрылысы аяқталмаған объектімен бірге жер учаскесін кепілге қою шартының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

674) уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кепіл шартының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

675) уәкілетті компанияның дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сенімгерлік басқару шартының үлгілік нысанын әзірлеу және бекіту;

676) кепілдік жарнаның мөлшерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

677) капиталдың жеткіліктілік нормативін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

678) кепілдік беру жағдайларын реттеуге арналған резервті есептеу және қалыптастыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

679) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы инжинирингтік компаниялардың Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорына, екінші деңгейдегі банкке немесе жергілікті атқарушы органға (тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсіліне қарай) беретін тұрғын үй (тұрғын ғимарат) құрылысының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есебінің нысанын әзірлеу және бекіту;

680) Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) құрылыс жобасы бойынша құжаттарды тексеру тәртібін бекіту;

681) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

682) елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

683) есептеу аспаптары жоқ су тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

684) елді мекендер шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

685) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласында әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

686) қалаларды және ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

687) сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

688) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

689) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

690) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу мен субсидиялауды жүзеге асыру;

691) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін әзірлеу және бекіту;

692) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстау қағидаларын бекіту;

693) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

694) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

695) құрылыстағы жаңа технологиялардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту;

696) барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

697) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

698) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

699) сәулет, қала құрылысы және құрылыс каталогін қалыптастыру және оны жүргізу тәртібін айқындау;

700) объектілер құрылысы жобасын басқару бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету тәртібін және жобаларды басқару бойынша қызметтер көрсететін ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

701) жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

702) жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

703) бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын әзірлеу және бекіту;

704) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару бойынша ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

705) есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

706) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жылумен жабдықтау жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

707) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша жылумен жабдықтау жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

708) жылумен жабдықтау жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеуді және субсидиялауды жүзеге асыру;

708-1) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық мемлекеттік органмен келісу бойынша халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін өтеу үшін квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы субсидиялар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

708-2) тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту;

708-3) халыққа екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыру;

709) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2015 № 100 қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.03.2015 № 154; 28.12.2015 № 1093; 29.12.2015 № 1107; 29.12.2016 № 1123 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 16.06.2016 № 353; 15.11.2016 № 704; 15.12.2016 № 804 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) ; 15.02.2017 № 70; 03.07.2017 № 415; 20.10.2017 №

662; 25.06.2017 № 376 17.07.2018 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17. Ведомстволардың функциялары:

1) ведомствоның құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және министрдің бұйрықтарында оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

3) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

3-1) шет мемлекеттердің авиациялық биліктерімен және мамандандырылған халықаралық ұйымдармен, оның ішінде ынтымақтастық, азаматтық авиацияға қатысты ақпарат және тәжірибе алмасу туралы екіжақты келісімдер жасасу арқылы халықаралық ынтымақтастықты, сондай-ақ халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етуді жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық ету;

6) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

7) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

8) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу;

8-1) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген әзірленетін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерді талдау;

8-2) жүргізілген реттеушілік әсерді талдаудың нәтижесін Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналастыру;

8-3) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

8-4) тиісті салада мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

8-5) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 2 және 3-тармақтарында, 143-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлеу;

8-6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу;

8-7) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүргізу;

8-8) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

8-9) бекітілген тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, ведомстволық есептіліктің жиынтық деректерін Министрліктің интернет-ресурсында орналастыру;

8-10) тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру, ішінара тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын тексерілетін субъектіге жазбаша түрде хабарлау;

8-11) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 3-тармағының 2), 7), 9) және 10) тармақшаларында, 6 және 7-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын хабарлау;

8-12) тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеу және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу;

8-13) тексеру мерзімдері ұзартылған жағдайда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып, тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу;

8-14) екінші санаттағы рұқсатты алуға арналған өтініштердің нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын әзірлеу;

9) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлеу;

10-1) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілері қызметінің салаларын Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген топтарға жатқызу, сондай-ақ тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежесі жоғарыға жатқызылғандарға және тәуекел дәрежесі жоғарыға жатқызылмағандарға бөлу;

11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

12) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

13) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

14) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу;

15) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

16) белгіленген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өнімдердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және қайта өңделуін бақылауды жүзеге асыру;

16-1) құрамында бағалы металдар бар түсті металдар кендерін, концентраттары мен күлдерін, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдерін қоспағанда, бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16-2) асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды, бағалы металдардан жасалған монеталарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16-3) құрамында бағалы металдар бар түсті металдар кендерін, концентраттары мен күлдерін, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16-4) зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

16-5) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу;

16-6) құрамында бағалы металдар бар түсті металдар кендерін, концентраттары мен күлдерін, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты ресімдеу;

16-7) құрамында бағалы металдар бар түсті металдар кендерін, концентраттары мен күлдерін, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдердің аумағына әкету кезінде экспортқа берілген лицензияны және Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық тұрғыдан орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытындыны ресімдеу;

16-8) құрамында бағалы металдар бар түсті металдар кендерін, концентраттары мен күлдерін, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдерін Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдердің аумағына әкету кезінде тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты, Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны ресімдеу;

16-9) бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету кезінде бағалы металдар құрамы туралы құжаттар келісімшарт талаптарына және нормативтік техникалық құжаттамаға сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне олардың сынамаларына (үлгілеріне) бақылау сынақтарын жүзеге асыруға өтінім жіберу;

16-10) бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесіндегі бағалы металдарды өндіру субъектілерінен бас тартудың бар екендігін растау;

16-11) бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан

Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларын әзірлеу;

16-12) асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларын әзірлеу;

16-13) Кимберлий процесінің сертификаттау схемасын ескере отырып, өңделмеген табиғи алмасты Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын әзірлеу;

16-14) асыл тастарға, бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарға сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу;

16-15) қайта өңдеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларынан қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын растау;

16-16) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы зиянды қоспалар мен бағалы металдар құрамының шекті мәнін айқындау қағидаларын әзірлеу;

17) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып, қажет болған жағдайда өнімді тиіп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру;

18) кепілдік міндеттемелерін (түпкілікті пайдаланушының сертификаттарын) беру;

19) өнімдер транзитіне рұқсат беру;

20) өтінім берушіге және мүдделі мемлекеттік органдарға тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, ақпаратты экспорттық бақылауға жататын өнімдерге жатқызу туралы қорытындылар беру;

21) өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс қайта өңдеуге рұқсаттар беру;

22) сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы қолданылмайтын өнімдермен, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға белгіленген тәртіппен лицензия беру;

23) өнімдердің кері экспортына рұқсаттар беру;

24) бірлесіп бекітілген нысандар негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы, Энергетика министрліктері тұрақты негізде ұсынатын жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді

сатып алуындағы жергілікті қамту бойынша жалпы ақпаратты жинақтауды және талдауды қамтамасыз ету;

24-1) жергілікті қамту ұйымдарының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде есептеудің бірыңғай әдістемесін әзірлеу;

24-2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу тәртібін әзірлеу;

25) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуындағы жергілікті қамтудың мониторингін және жүргізілген, жүргізілетін және келесі жылға жоспарланатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы тиісті ұйымдар ұсынатын ақпаратты талдауды жүзеге асыру;

26) ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, олардың еншілес және үлестес компанияларының, мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың сатып алуындағы қазақстандық қамтуға бақылау мен мониторингті жүзеге асыру және бұзушылықтар анықталған жағдайда шаралар қабылдау;

27) әдістемелік басшылықты және офсеттік саясаттың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

28) өз құзыреті шегінде "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

29) "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін машиналар мен жабдықтарды айқындау мақсатында тұтыну нарығы мониторингін жүргізу және оларды өткізуге жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу ;

30) жасауды, өткізуді және айналысын тоқтата тұру туралы ұйғарымды жергілікті атқарушы органдар беретін, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының нарығын қоспағанда, "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін машиналар мен жабдықтарды жасауды, өткізуді және олардың нарықтағы айналысын тоқтата тұру туралы ұйғарым беру;

30-1) моторлы көлік құралдары үлгілері өндірісі кезінде заңды тұлғаның " Кеден одағына мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістік аумақтарында "моторлы көлік құралдарын өнеркәсіптік құрастыру" ұғымын

қолдану шарттары туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 72 шешімінің 1-тармағы 4) тармақшасының бірінші абзацына сәйкес белгіленген талаптарды сақтау фактісін белгілеу және белгіленген талаптарға осындай заңды тұлғаның моторлы көлік құралдары үлгілерінің сәйкестігі туралы шешімдер жобаларын әзірлеу;

30-2) көлік құралдарының (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техникалардың басқа түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерін дайындаушы ұйымдар және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдардың) бірыңғай тізіліміне енгізілген уәкілетті ұйымдардың, дайындаушы ұйымдардың қызметіне мониторингті жүзеге асыру;

30-3) көлік құралдарының (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техникалардың басқа түрлерінің паспорттарын (электрондық паспорттарын) ресімдеуді жүзеге асыратын көлік құралдарын (көлік құралдары шанағы), өзі жүретін машиналар мен техниканың басқа түрлерін дайындаушы ұйымдар және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (ұйымдардың) бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерінде қамтылған мәліметтерді мүдделі адамдардың сұрау салулары бойынша ұсыну үшін қалыптастыру;

30-4) 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін еркін қойманың кедендік рәсіміне орналастырылған шикізаттан және (немесе) материалдардан ғана еркін қойма аумағында өндірілген тауарды өндіру кезінде пайдаланылғаны туралы растау;

31) Қазақстан Республикасының аумағында химиялық өнімдерді тіркеу және оның есебін жүргізу;

32) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

33) Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым нысанын әзірлеу;

33-1) энергия аудитін жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқамаларды беру;

33-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқамаларды беру;

34) энергия тиімділігі картасын қалыптастыруды, жүргізуді және іске асыруды, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы

ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізуді үйлестіру;

35) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

35-1) Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің және мемлекеттік органдардың деректері негізінде жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын және Қазақстан Республикасында энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін талдауды және болжамдауды қамтамасыз ету;

35-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметті ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

36) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

37) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

37-1) энергия аудиторына кандидаттарды аттестаттауды жүргізу;

37-2) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәлікті, энергия аудиторының аттестатын беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін әзірлеу;

37-3) энергия аудиторларының тізілімін жүргізу;

37-4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Ұлттық даму институтынан Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің ақпаратты беруден жалтарған немесе дұрыс емес ақпарат берген субъектілері туралы ақпарат алу;

37-5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Ұлттық даму институтының Мемлекеттік энергетикалық тізілімді және энергия тиімділігі картасын қалыптастыру және оны жүргізу бойынша ұсыныстарын қарау;

37-6) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Ұлттық даму институтынан энергия аудиттері қорытындыларына талдау жүргізу туралы ақпарат алу;

37-7) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы Ұлттық даму институтынан энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында сараптамалық қорытындыларды және (немесе) ұсынымдарды алу;

38) энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласында үлгілік келісімді әзірлеу;

39) Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес энергия тұтынатын электр құрылғылардың техникалық құжаттамасында және заттаңбаларында энергия тиімділігінің сыныбы мен сипаттамаларының белгіленуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

40) Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің энергетикалық ресурстарды, суды өнім бірлігіне шаққанда тұтынудың көлемін, үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың алаңын энергия аудиті қорытындылары бойынша айқындалған шамаға дейін жыл сайын азайтуды қамтамасыз етпеген субъектілерінің, оның

ішінде энергия тұтынудың нормативтерін сақтамайтын мемлекеттік мекемелерді қамтитын тізбесін қалыптастыру және өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

41) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және (немесе) біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталықтарының тізілімін қалыптастыру;

41-1) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу;

42) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуының мониторингін жүзеге асыру, Министрдің бұйрығымен белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде орталық уәкілетті органдар ұсынатын есептерге талдау жүргізу;

42-1) "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағында көрсетілген объектілерден басқа, үйлерде, құрылыстар мен ғимараттарда энергия тиімділігі жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

42-2) дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың энергия тұтыну нормативтері мен электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

42-3) энергия аудитінің жүргізілуіне, оқу орталықтарына қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

43) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттауды жүргізу;

44) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру;

45) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру;

46) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және таратуға жобалау құжаттамасын келісу;

47) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеу не дәлелді бас тарту;

48) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

49) қауіпті өнеркәсіптік объектілерде оқу дабылын және аварияға қарсы жаттығу өткізуге қатысу;

50) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға берген кезде оның қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруларға қатысу;

51) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

52) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыстарына және техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландыру жүргізудің уақтылығына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

53) қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау бойынша жұмыстарды жүргізуге әзірлігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

54) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды әзірлеу;

55) магистральдық құбыржолдарын пайдаланған кезде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

56) пайдалы қазбалар қабаттары жатқан алаңдарда құрылыс салуға, сондай-ақ олар жатқан орындарда жерасты құрылыстарын орналастыруға, пайдалы қазбаларды алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген немесе құрылыс салудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жағдайда жергілікті атқарушы органмен бірлесіп рұқсат беру;

57) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормалардың сақталуына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

58) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндетті қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің орындауын және олардың "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды сақтауын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

59) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өзге заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының басшыларынан және мүшелерінен емтихан қабылдау;

60) ведомстволық бағынысты әскерилендірілген, тау-кен құтқару, газдан құтқару және атқыламаға қарсы қызметтер мен құралымдардың қызметіне басшылықты жүзеге асыру;

61) қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдаланумен байланысты дара кәсіпкерлердің, ұйымдардың қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін сот шешімінсіз, көрсетілген мерзімде сотқа талап арызын міндетті түрде бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұру немесе тыйым салу;

62) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды өндірістік жағдайларда бақылау сынақтары мен қабылдау сынақтарын жүргізу комиссиясына қатысу;

63) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп аварияларды тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

64) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға берілген, қайтарып алынған рұқсаттарды есепке алуды жүзеге асыру;

65) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесін әзірлеу;

66) Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын әзірлеу;

67) Пайдалы қатты қазбаларға қатысты электрондық сатып алу жүйелерінің жұмысын жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілер тізілімінің жұмысымен үйлестіру қағидаларын әзірлеу;

68) Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын ұсыну қағидаларын әзірлеу;

69) Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық процесін) жер қойнауын пайдаланумен байланысты қызмет (технологиялық процесс) деп тану қағидаларын әзірлеу;

70) Тау-кен жұмыс жоспарын келісу;

71) меншіктегі, сондай-ақ мемлекеттің иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру;

72) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

73) Геологиялық барлау кезеңділігінің қағидаларын әзірлеу;

74) Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамалары стандартын іске асыру;

74-1) Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;

74-2) Меншіктегі, сондай-ақ мемлекеттің иеленуі мен пайдалануындағы геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, жүйеге келтіру, жинақтап қорыту және беру қағидаларын әзірлеу;

74-3) Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу нәтижесінде алынған геологиялық ақпараттың және оның жеткізгіштерін сақтау және есепке алу қағидаларын әзірлеу;

74-4) Геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу;

75) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензиялар және жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензиялар шарттарын сақтауын бақылау;

76) мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

77) Жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияларды беруге өтініштерді беру және қарау қағидаларын әзірлеу;

78) Жер қойнауының мемлекеттік сараптама жүргізу қағидаларын, Жер қойнауының мемлекеттік сараптама комиссиясы туралы ережені әзірлеу;

79) тарихи шығындардың мөлшерін, геологиялық ақпараттың құнын және алу шартын айқындау;

80) Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы ережені әзірлеу;

81) Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметі айқындығының бастама стандартын іске асыру бойынша есептіліктің нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

82) жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша жобалау құжаттарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

83) тау-кен жұмыс жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

84) жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

85) кен іздеушілік жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу;

86) геологиялық және тау-кен бөлінісін беру;

87) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын жүргізу;

88) геологиялық есептің нысанын әзірлеу;

88-1) пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелерінің шекараларын айқындау, геологиялық ақпаратты пайдалану және 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген басқа да мәселелер бойынша құзыретті органмен өзара іс-қимыл жасау және үйлестіру;

- 89) геологиялық есептің мемлекеттік сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;
- 90) жерасты сулары бөлігінде мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысу;
- 91) жерүсті су объектілері жоқ, бірақ ауызсу сапасындағы жерасты суларының жеткілікті қорлары бар аумақта облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша осы суларды халықтың ауызсуға мұқтаждықтарын қанағаттандырумен байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсаттарды келісу;
- 92) жеке және заңды тұлғалар жүргізетін жерасты су объектілерінің сарқылуын болғызбауға бағытталған су қорғау іс-шараларын келісу;
- 93) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.
- 94) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.
- 95) бұрғылау және басқа тау-кен жұмыстарын жүргізуге арналған жобалық құжаттаманы келісу;
- 96) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін объектілерді салуға, реконструкциялауға, (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарактандыру, қайта бейіндеу) пайдалануға, консервациялауға, жоюға (кейіннен кәдеге жарату) қорытындылар беру;
- 97) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.
- 98) жер қойнауын геологиялық зерттеу және кеңістігін пайдалану үшін жер қойнауын пайдалану құқығын беру;
- 99) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу;
- 100) жер қойнауын геологиялық зерттеу және оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларды реттеу;
- 101) жер қойнауын геологиялық зерттеу, сондай-ақ оның кеңістігін пайдалану жөніндегі операцияларға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 102) жер қойнауын пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының геологиялық ақпаратты есепке алу, сақтау, оның сақталуы мен анықтығы жөніндегі талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 103) құпия болып табылмайтын геологиялық ақпаратқа, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар туралы ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 103-1) жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша есептер нысандарын әзірлеу;
- 103-2) тиісті координаттары мен жеке кодтары бар блоктарды сәйкестендіру картасын әзірлеу;
- 104) техногендік минералдық түзілімдерді орналастырудың қолданыстағы объектілерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

104-1) Мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрын енгізу және пайдалы қазбалар қорын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты ұсыну қағидаларын әзірлеу;

105) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін, геологиялық ақпаратты жинауды және жинақтап қорытуды жүзеге асыру;

106) Кен іздеушілікке арналған лицензияларды беруге өтініштер беру және қарау қағидаларын әзірлеу;

106-1) өздігінен ағып жататын иесіз және апаттық ұңғымаларды жою және консервациялауды жүзеге асыру;

106-2) пайдалы қазбалар қорларын мемлекеттік есепке алу бойынша ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну;

РҚАО-ның ескертпесі!

17-тармақтың 106-3) тармақшасы 01.01.2024 дейін қолданыста болады – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 қаулысымен.

106-3) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын жүргізу;

106-4) геологиялық ақпаратты жариялау немесе оған ашық қолжетімділік жасау арқылы ашып көрсету;

106-5) кендерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетуге рұқсат беру;

107) бір келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу тәртібін келісу;

108) Жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті органға нормаланатын ысыраптар туралы деректерді ұсыну қағидаларын әзірлеу;

109) жер қойнауын пайдаланушының геологиялық ақпараттың сынамалар түріндегі табиғи жеткізгіштерін иеліктен шығаруы және (немесе) сынамаларды Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетуге рұқсат беру;

РҚАО-ның ескертпесі!

17-тармақтың 110) тармақшасы 01.01.2023 дейін қолданыста болады – ҚР Үкіметінің 17.07.2018 № 437 қаулысымен.

110) жер қойнауын пайдаланушылар беретін нормаланатын ысыраптар туралы деректер негізінде жүзеге асырылатын пайдалы қатты қазбаларды өндіру кезінде ысырапты есепке алу;

111) ұңғымадан көмірсутектердің ағымын құжатпен растау арқылы алу, оның ішінде қабатты сынағышпен сынамалау жүргізген кезде және (немесе) мұнай-газдың мол болуына коллектор-жынысты зертханалық зерттеу кезінде растаған жаңа кенжатынның (кенжатындар жиынтығының) ашылуын растау;

112) жер қойнауын геологиялық зерттеуге берілген лицензиялар бойынша жерасты суларына арналған іздестіру-бағалау жұмыстары жобаларына өзгерістерді келісу;

113) жерасты сулары учаскелері қорларының мемлекеттік сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

114) барлау учаскесінде бір мың текше метрден асатын көлемде тау-кен массасын алуға және (немесе) топырақты ауыстыруға рұқсат беру;

114-1) жер қойнауын пайдаланушының балансына ұңғымаларды, технологиялық бірліктерді қабылдау және беру;

114-2) Жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

114-3) уранды және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі операциялардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

114-4) жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың салдарын жою актісіне қол қою жөніндегі комиссияны құру;

114-5) жер қойнауын пайдаланушылар, уранды қоспағанда, пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін сақтаумен мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

114-6) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт нормалары мен бағасын әзірлеу;

114-7) жою жоспарының кешенді сараптамасын жүргізу;

115) "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату саласындағы мемлекеттік органдардың және басқарушы компаниялардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

116) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

116-1) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шартын әзірлеу;

116-2) арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі кейінгі пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шартын әзірлеу;

116-3) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шартын әзірлеу;

116-4) арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шартын әзірлеу;

116-5) өтініш берушілердің арнайы экономикалық аймақтың қатысушы ретіндегі қызметін жүзеге асыруға арналған жобаларын іріктеудің тәртібі мен өлшемшарттарын әзірлеу;

116-6) арнайы экономикалық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу;

116-7) арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасының орындылығын қарау және арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру;

116-8) арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасының орындылығын қарау және арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы өтініш берушіге жазбаша негізделген жауап жіберу;

116-9) сарапшылық кеңестің қарауына арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс жіберу;

116-10) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгертуге мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныстарын қарау;

116-11) арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізіліміне арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы туралы мәліметтерді енгізу;

116-12) арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының бірыңғай тізіліміне арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы туралы мәліметтерді енгізу туралы арнайы экономикалық аймақтың басқару органын хабардар ету;

117) арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдары ұсынатын мәліметтердің негізінде арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың бірыңғай тізілімін жүргізу;

118) тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ бойынша бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесіп, басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді өткізу;

118-1) аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу тәртібін әзірлеу;

118-2) еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын әзірлеу;

118-3) индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну;

118-4) жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтын тарта отырып, отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық

қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу және сервистік қолдау көрсету;

118-5) экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын тарта отырып, отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу және сервистік қолдау шараларын ұсыну;

118-6) ілгерілету бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген тауарлардың тізбесін әзірлеу;

118-7) отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлеу;

118-8) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі нарыққа ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлеу;

119) арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде тіркеуге арналған өтінімдер мен сауалнамалар нысандарын әзірлеу;

120) инвестицияларды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

120-1) инвесторларды немесе олардың өкілдерін қазіргі бар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша қабылдауды жүзеге асыру және оларға консультация беру;

120-2) инвесторларға немесе олардың өкілдеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алу үшін қажетті құжаттарды дайындауға және ресімдеуге көмек көрсету;

120-3) инвесторларға немесе олардың өкілдеріне электрондық цифрлық қолтаңбаны, электрондық өтініштерді және басқа да құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету;

120-4) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 282-бабында айқындалған тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде инвесторды немесе олардың өкілдерін орталық және жергілікті атқарушы органдарда сүйемелдеу;

120-5) инвестициялық келісімшартты тіркеуді жүзеге асыру;

120-6) инвестициялық келісімшарттың қолданылу мерзіміне, бірақ инвестициялық келісімшарт тіркелген кезден бастап бес жылдан аспайтын мерзімге берілетін технологиялық жабдықтың және оның жинақтауыштарының импорты кезінде кедендік баждар салудан босату туралы хабарламаны кеден органына жіберу;

121) инвесторлар үшін "бір терезе" құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету арқылы инвестормен өзара іс-қимыл жасау;

121-1) инвестициялық омбудсменнің қызметін қамтамасыз ету;

122) уәкілетті орган мен инвестор арасында жасалған инвестициялық келісімшартқа сәйкес мүдделі заңды тұлғалар тарапынан кепілдендірілген тапсырысты қамтамасыз етуде инвесторларға жәрдемдесу;

123) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша мемлекеттік заттай гранттарды инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелер орындалған жағдайда уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсына отырып, кейіннен меншіке не жер пайдалануға өтеусіз беру;

124) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 293-бабында белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылдау және өтінім берушіге жазбаша нысанда жауап жіберу;

125) инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімдерді қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін айқындау;

126) инвестициялық келісімшарттар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

126-1) инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлама жіберу және бұзушылықтарды жою үшін үш ай мерзім белгілеу;

127) инвестициялық келісімшарттар жасасу, тіркеу және оларды мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;

127-1) арнайы инвестициялық келісімшартты жасасу және бұзу қағидалары мен шарттарын әзірлеу;

128) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурс өткізу қағидаларын және аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

129) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;

130) Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

131) жобалар мен техникалық регламенттердің техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатқа және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкестігін талдауды және сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

132) техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі сарапшылық кеңестермен және техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

133) стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету, халықаралық және өңірлік стандарттау, сәйкестікті растау нәтижелерін өзара тану жөніндегі жұмыстарға қатысу;

134) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастыру;

135) нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;

136) ақпараттық орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

137) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

138) тауардың шығарылуы туралы сертификатты беруге уәкілетті ұйымның қызметіне жыл сайын тексеру жүргізу арқылы тауардың шығарылуы туралы сертификатты беру тәртібінің сақталуына және уәкілетті органның (ұйымның) қызметіне ішкі айналым үшін тауардың шығарылуы туралы сертификатты беру, Кеден одағы тауарының және (немесе) шетелдік тауардың мәртебесін айқындау тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

139) техникалық регламенттермен үйлестірілген стандарттарды талдауды және әзірлеуді ұйымдастыру;

140) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармаларын растауды ұйымдастыру;

141) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

141-1) тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

142) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің қағидаларын әзірлеу;

143) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сай келмейтін болса, басқа ұйымдар шығарған сәйкестікті растау мәселелері бойынша құжаттардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындау;

144) зертханааралық салыстырмалы сынау (салыстыру) жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

145) Қазақстан Республикасы аумағында шетел үлгісінің сәйкестігін растау саласында құжаттарды беру бойынша қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарландырған шетел және халықаралық ұйымдардың тізілімін жүргізу;

146) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыруға қатысу;

147) сәйкестікті растау, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды аттестаттау тәртібін әзірлеу және оларды ұйымдастыру, сондай-ақ оларға қойылатын рұқсат беру талаптарын әзірлеу;

148) сәйкестік белгісінің бейнесін, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау тәртібін әзірлеу;

149) техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері тізілімін жүргізу;

150) Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу мен кодтау жүйесін құру және оның жұмыс істеуін бақылау жөніндегі жұмыстарын үйлестіру;

151) Қазақстан Республикасы метрологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді жүзеге асыру;

152) метрология саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

153) өлшем құралдарын қолдану, өндіру және жөндеу тәртібін белгілеу, өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін салғастыруды ұйымдастыру;

154) өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізуді ұйымдастыру;

155) мемлекеттік метрологиялық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

156) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық сарапшыларға және өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерге аттестаттау және қайта аттестаттау жүргізу қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

157) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды ұйымдастыру;

158) мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің жұмысын жүзеге асыру жөніндегі нормативтік құжаттарды келісу;

159) өлшем құралдарының үлгісін бекіту туралы шешім қабылдау;

160) өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерінде консультациялық-кеңесші органдар құру;

161) әзірленген техникалық регламенттерді сараптауды, келісуді, техникалық регламенттердің қолданысын тоқтата тұруды не күшін жоюды келісуді, оның

ішінде салалық мемлекеттік органдардың техникалық регламенттердің қолданысын тоқтата тұру не күшін жою мәселелеріне бастамашылық етуді жүзеге асырады;

162) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинақтауды, автокөлік құралдары қозғалысының қарқындылығын есепке алуды жүзеге асыру, жинақталған ақпаратты белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде беруді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

163) шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарымен рұқсат беру құжаттарының бланкілерімен тепе-тең алмасуды жүргізу;

164) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық және қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімдерін жүргізу;

165) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы арқылы Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беруді жүзеге асыру;

166) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беруді жүзеге асыру;

167) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жолаушылар мен багажды облысаралық қалааралық автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары мен қозғалыс кестелерін бекіту;

168) жолаушылар мен багаждың тұрақты халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру, көрсетілген тасымалдардың бағыттары бойынша қозғалу кестесін келісу;

169) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеуді жүзеге асыру ;

170) мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен және автомобиль көлігі саласындағы қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

171) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

172) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автомобиль құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

173) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуге рұқсат беруді жүзеге асыру;

174) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

175) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуін, Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау бекеттерінде, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында, қалалар немесе өзге де елді мекендер шекараларының шегіндегі автомобиль жолдарында бақылауды жүзеге асыру;

176) шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы каботаждық тасымалдауды жүзеге асыруын анықтау және жолын кесу;

177) шетелдік автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына белгіленбеген өткізу пункттері арқылы кіру фактілерін анықтау;

178) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

179) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

180) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылауды жүзеге асыру;

181) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автомобиль көліктерінде және автожолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша іс-қимылды жүзеге асыру;

182) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беруді жүзеге асыру;

182-1) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

183) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамға қойылатын талаптарды сақтауды бақылауды жүзеге асыру;

184) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін міндетті мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлеу;

185) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге асыру;

186) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізу;

187) Қазақстан Республикасында тіркелген, халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде тез бұзылатын жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына Министрдің бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен

жүктерді тасымалдау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы куәлік беру;

188) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын әзірлеу;

189) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

189-1) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

190) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме темір жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;

191) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

191-1) Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімін жүргізу;

191-2) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып тексеруді жүзеге асыру;

192) Министрдің бұйрығымен бекітілген, Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

193) магистральдық, станциялық және кірме жолдарда жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді жүзеге асыру;

193-1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу;

193-2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу;

193-3) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларының вагондарды сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялаудың қағидаларын әзірлеу;

193-4) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларының вагондарды сатып алуын кредиттеуге және олардың қаржылық лизингіне сыйақының мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгілік шартын әзірлеу;

193-5) шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

193-6) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесін әзірлеу;

193-7) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу;

194) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

194-1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шетелдік сыныптау қоғамын тану туралы шешім қабылдау;

194-2) кемелерді куәландыру бойынша өкілетті және шетелдік сыныптау қоғамдарының оларды ұсыну шарттарын айқындау жөнінде шетелдік сыныптау қоғамымен келісімдер жасасу;

194-3) порт құралдарын күзетуге бағалау жүргізу және порт құралдарын күзету жоспарын әзірлеу үшін уәкілетті ұйымды айқындау

194-4) порт құралдарын күзетуді бағалау туралы есеп пен порт құралдарын күзету жоспарын және оларға түзетулерді мақұлдау;

195) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

196) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде олардың қызметін тексеру;

197) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, су көлігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;

198) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

199) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

200) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

201) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда теңіз кемелерін және шағын көлемді кемелерді әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде және шағын көлемді кемелерде жете тексеру жүргізуді жүзеге асыру;

202) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

203) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарап-тексеру, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізу;

204) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің пайдаланудағы, қысқы тұрақта тұрған теңіз кемелерін қарап-тексеру жүргізуін бақылауды жүзеге асыру;

205) кеме экипажын жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

206) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау және қадағалау, оларды бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдану;

207) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар енгізу;

208) кемеді кеме құжаттарының бар болуын тексеру;

209) порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылатын теңізде жүзу қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру;

210) шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелердің каботажды және сауда мақсатында теңізде жүзуге байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруына рұқсаттар беру;

211) теңіз жолдарының навигациялық жағдайының құралдары қолданылатын аймақтағы құрылысты келісу;

212) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

213) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

214) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

215) кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын олардың кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуы тұрғысынан қарап-тексеруді жүргізу;

216) көлік оқиғасы туралы уәкілетті органды құлақтандыру, кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексерулерді, сыныптауды және есепке алуды жүргізу үшін қажетті ақпаратты және дәлелдемелерді жинау;

217) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін жүргізуден шеттету және оларды медициналық тексеруге жіберу;

218) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізу;

219) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

220) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

221) кемелерде техникалық пайдалану қағидаларының, қызмет жарғыларының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

222) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

223) кеме пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

224) кеме пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу;

225) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

226) ішкі су жолдарын кеме қатынайтындай күйде қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау;

227) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығын беру және кеме шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау;

228) Қазақстан Республикасының шекара маңы аймағының учаскелерін қоспағанда, кемелердің ішкі су жолдарымен жүзу шарттарын навигациялық-гидрографиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

229) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

230) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

231) көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды жүзеге асыру және олардың бұзушылықтарын анықтау және жолын кесу;

231-1) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды әзірлеу және бекіту, сондай-ақ ұшуға жарамдылық жөніндегі директиваларды шығару;

231-2) әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру кезінде азаматтық-әскери үйлестіру жүйесін орнату және ұстау үшін мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

231-3) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;

231-4) Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) тұрақты жолаушылар рейстерін орындауды жоспарлайтын шетелдік тасымалдаушыларды аккредиттеуді және аккредиттеу туралы куәлікті беруді, сондай-ақ ондай куәлікті беруден бас тартуды жүзеге асыру;

231-5) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарту;

231-6) әуе кемелерін пайдаланушылардың, әуеайлақтарды (әуежайларды) пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілердің, авиациялық оқу орталықтарының, техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұйымдардың, қарап тексеруді жүзеге асыратын авиациялық қауіпсіздік қызметінің, авиациялық медициналық орталықтардың, авиациялық медициналық сарапшылардың қызметіне қадағалауды жүзеге асыру;

231-7) нұсқамалық материалды пайдалана отырып, азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарына қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкестікке сертификаттық зерттеп-қарауды жүзеге асыру;

231-8) пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы ұсынған, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын бекіту, сондай-ақ пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарын орындауын тексеру жүргізу жолымен бақылау;

231-9) жасалған келісімдер негізінде шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне жүргізілген перрондық тексерулер бойынша ақпарат жинауға және оны шет мемлекеттермен алмасуға қатысу;

232) азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық персоналдың кәсіптік даярлығы мен денсаулық жағдайы мәселелері бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды қамтамасыз етуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

233) азаматтық авиация ұйымдарының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын қамтамасыз етуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

234) халықаралық әуе тасымалдарын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

235) авиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

236) сертификаттауды жүзеге асыру және үлгі сертификатын беру;

237) халықаралық рейстерді қамтамасыз етуге рұқсат етілмеген әуежайлардан (әуежайларға) халықаралық ұшуды орындайтын азаматтық әуе кемелерін қабылдауға, ұшуға шығаруға және оларға қызмет көрсетуге уақытша рұқсаттарды беру;

238) ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін кемшіліктер анықталған жағдайда, Министрдің бұйрығымен бекітілген Сертификаттау және үлгі сертификатын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен үлгі сертификатының қолданысын тоқтата тұру, әуе кемесін пайдалануды тоқтату;

239) азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықты есепке алуды жүргізу;

240) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттауды жүзеге асыру және оның жарамдылығы сертификатын беру;

241) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.10.2017 № 662 қаулысымен;

242) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының ережелерін ескере отырып, азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (бір жолғы) ұшуларды орындауына және авиация қызметіне рұқсат беру;

243) азаматтық авиация саласында әуе қозғалысына қызмет көрсетілуін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, ұшудың радиотехникалық және метеорологиялық қамтамасыз етілуін, сондай-ақ қызметі мен көрсетілетін қызмет сапасын тексеру;

244) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшада көзделген авиация персоналына жататын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңіл және аса жеңіл авиацияның авиациялық персоналына жататын адамға оның қажетті білімі мен дағдыларының бар екенін, сондай-ақ

оның денсаулығының белгіленген талаптарға сай екенін растайтын, кәсіптік қызметті жүзеге асыру құқығына арналған авиация персоналының куәлігін беру, куәліктің қолданылу мерзімін ұзарту, мұндай куәлікті қайтарып алу, оның қолданылуын тоқтата тұру, куәлікке біліктілік белгілері мен арнайы белгілерді енгізу;

245) азаматтық әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыру және пайдаланушы сертификатын беру;

246) ішкі әуе трассалары, жергілікті әуе желілері, ұшу маршруттары бойынша және әуе трассаларынан тыс халықаралық ұшуды орындауды келісу;

247) сертификаттауды жүзеге асыру және авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті беру;

248) ұшуға жарамдылығының қолданыстағы сертификаты жоқ әуе кемесіне арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру;

249) Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары арасында тұрақты әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін халықаралық және субсидияланатын (облыс ішіндегілерді қоспағанда) авиамаршруттарға куәліктер беру;

250) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларының меншігіндегі азаматтық әуе кемелеріне құқықтарды, сондай-ақ қайтарылмайтын өкілеттіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

251) әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, аса жеңіл авиация әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды жүзеге асыру;

252) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген қолданыстағы сертификаттарға (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу, иелері сертификаттау талаптарын сақтамаған кезде сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) беруден бас тарту, сертификаттарды (авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәліктерді) қайтарып алу, олардың қолданылуын тоқтата тұру;

253) шет мемлекет Қазақстан Республикасының азаматына берген авиация персоналының куәлігін не тиісті куәлікті бере отырып, жұмысқа жалдану үшін Қазақстан Республикасына келген шетел азаматының авиация персоналының куәлігін, не Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес пайдаланушының мемлекеті берген немесе растаған экипаж мүшелерінің куәліктерін тану;

254) Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларына сәйкес әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес

ұйымдарды тарта отырып, азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауды жүргізу;

255) азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау және сертификатты беруді жүзеге асыру;

256) азаматтық әуе кемелерінің әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылығының жолын кесу;

257) Қазақстан Республикасының әуеайлақтарында қонбай не қона отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы коммерциялық емес мақсаттарда халықаралық тұрақты ұшуды орындауға рұқсат беру;

258) егер әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларынан уақытша ауытқуы белгіленген ұшу қауіпсіздігі деңгейіне баламалы деңгейді қамтамасыз ететіндей қосымша шаралар енгізумен өтелетін болса, мұндай ауытқуларды келісу;

259) авиация персоналына жататын тұлғалардың "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген талаптар мен нормаларды сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

260) шет мемлекет берген азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы куәліктерін (сертификаттарын) тануды жүзеге асыру;

261) шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарағын және әскери техникасын, сондай-ақ қосарлы мақсатта пайдаланылатын өнімдерді тасымалдау үшін азаматтық әуе кемесін пайдаланушының халықаралық ұшуына келісу және өз құзыреті шегінде осы ұшуды сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын органмен келісу;

262) Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) тұрақты жолаушылар рейстерін орындауды жоспарлайтын шетелдік тасымалдаушыларды тіркеу;

263) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) халықаралық стандарттарды сақтауын мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

264) әуе кемесі, оның құрамдауыштары, қосалқы бөлшектері мен қосымша аспаптары жай-күйінің пайдаланушыға берілген ұшуға жарамдылығы сертификатының талаптарына және ұшуға жарамдылығын айқындайтын пайдалану-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

265) сертификатталған ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограмнан асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті қозғалтқыштармен жарақтандырылған ұшақтарды,

сертификатталған ең жоғары ұшу массасы үш мың бір жүз сексен килограмнан асатын тікұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушыларға ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті беруді жүзеге асыру, сондай-ақ ондай куәлікті тану, өзгерту, шектеу, қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу;

266) басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес олармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдардың, қағидалар мен рәсімдердің сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

267) авиациялық техника мен оған жерде қызмет көрсету құралдарының ұшу және техникалық пайдалану талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

268) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) объектілерінің, қону алаңқайларының күтіп-ұсталуын және "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген әуежай қызметінің сапасын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

269) азаматтық авиация әуеайлағы ауданында объектілерді таңбалаудың жүзеге асырылуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

270) бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесі данасының конструкциясының сипаттамалары мен пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру;

271) өз құзыреті және жауапкершілік аймағы шегінде азаматтық әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне және әуе кемелерінің ұшуы, олардың жабдықтары мен олардағы адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

272) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру, сондай-ақ егер әуе кемесі ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, азаматтық әуе кемесін тіркеуден бас тарту;

273) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттауды жүзеге асыру және экспорттық сертификатты беру;

274) азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру;

275) азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын), бірлесіп пайдалану және бірлесіп орналасу әуеайлақтарын есепке алуды жүзеге асыру;

276) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап-тексеруді ұйымдастыру бойынша сертификат беру және сертификаттауды жүзеге асыру;

277) авиациялық оқу орталығын сертификаттауды жүзеге асыру және оған сертификат беру;

278) азаматтық авиацияның авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымды сертификаттауды жүзеге асыру және сертификат беру;

279) әуежай мен Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасының әуежайларына тұрақты ұшуды орындайтын шет мемлекеттердің азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды келісуді жүзеге асыру;

280) азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтарды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтардың барлық оқиғалары бойынша мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

281) мүдделі мемлекеттік органдар арасында авиациялық қауіпсіздік саласындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асыру, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актілерін тергеп-тексеруде мемлекеттік органдарға жәрдемдесу, олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

282) аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттауды жүзеге асыру және сертификат беру, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын кері қайтарып алу не мұндай сертификаттың (немесе сертификатта көрсетілген рұқсат етілген қызмет түрлері (кіші түрлері) қолданылу аясын толығымен немесе ішінара тоқтата тұру;

282-1) аэронавигация мен әуежайлардың көрсететін қызметтері аясында табиғи монополиялар салаларындағы реттеуді және бақылауды жүзеге асыру;

282-2) аэронавигация мен әуежайлардың көрсететін қызметтері бойынша табиғи монополиялар салаларына табиғи монополиялар субъектілері осы салалар шеңберінде ұсынатын көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) реттелетіндерге жатқызу тұрғысынан талдау жүргізу және талдау қорытындылары бойынша табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару (енгізу) туралы ұсыныстар енгізу;

282-3) азаматтық авиация саласындағы табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобаның) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу;

282-4) авиациялық медициналық орталықты сертификаттауды жүзеге асыру және сертификат беру;

282-5) тиісті әуеайлақтардағы пайдаланушылар санын, әуе кемелерінің типін және қону санын, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігі саласындағы тәуекелдер дәрежесін

ескере отырып, есептеу әдісіне негізделген, шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелеріне перрондық тексерулер жүргізудің жылдық графигін қабылдау;

282-6) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес пайдаланушының мемлекеті берген немесе растаған радиоаппаратураны пайдалануға арналған рұқсатты жарамды деп тану;

282-7) егер аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттау талаптарынан уақытша ауытқулар, белгіленген ұшу қауіпсіздігінің деңгейіне баламалы деңгейді қамтамасыз ететін қосымша шаралар енгізумен өтелетін болса, мұндай ауытқуларға келісім беру;

282-8) әуе қозғалысын ұйымдастырудың функционалдық жүйелеріндегі өзгерістердің тізбесін алдын ала келісу;

282-9) пилотсыз ұшу аппараттарын есепке алуды жүзеге асыру;

282-10) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бағдарламасын (регламентін) бекіту;

282-11) шетелдік ұйымдардың авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі сертификаттарын тану;

282-12) шет мемлекеттің пайдаланушысына тиесілі әуе кемесін экипажымен қоса жалға алуға рұқсат беру, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сәйкессіздік, жалға алушы немесе жалға беруші тарапынан тиімді пайдаланушылық бақылаудың не пайдаланушының сертификатын және жалға алынатын әуе кемесіне арналған ұшуға жарамдылық сертификатын берген мемлекет тарапынан қадағалаудың болмағаны анықталған жағдайларда, ондай рұқсатты қайтарып алу;

282-13) авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғаларды тағайындау;

282-14) авиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаушылардың жұмыс істеуіне рұқсат беру;

282-15) азаматтық авиацияның шетелдік авиациялық оқу орталықтарының сертификаттарын тану;

282-16) әуеайлақтың пайдаланушысы әуеайлақта ұшу қауіпсіздігінің баламалы деңгейін қамтамасыз еткен жағдайда, жекелеген технологиялық аяқталған объектілердің әуе кемелерін қабылдауға және шығаруға уақытша рұқсатқа келісім беру;

282-17) авиакомпанияға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру туралы шешім қабылдау, рұқсат беруден бас тарту, бұрын берілген рұқсатты тоқтата тұру немесе қайтарып алу;

282-18) ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін ұшу құрамының , кабина экипажының адамдарына, ұшуға техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрамға және ұшу кезінде әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға экипаж мүшесінің куәлігін беру;

282-19) сертификаттар беру арқылы авиациялық медициналық сарапшыларды тағайындау, мұндай сертификаттың (немесе сертификатта көрсетілген рұқсат етілген қызмет түрлері (кіші түрлері) қолданылу аясын толығымен не ішінара тоқтата тұру, сондай-ақ егер қолданылу тоқтатыла тұрған күннен бастап үш ай ішінде сертификаттау талаптарын бұзушылықтар жойылмаса, авиациялық медициналық сарапшы сертификатын қайтарып алу;

283) азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы ұшудың іздестіру-құтқарушылық және авариялық-құтқарумен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;

284) авиациялық оқыту орталықтары және азаматтық авиация ұйымдары әзірлеген авиациялық персоналды кәсіптік даярлау бағдарламаларын келісу;

285) жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуін тұрақты қадағалауды жүзеге асыру;

286) қызметі сертификатталуға жатпайтын, бірақ "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-2-бабында көзделген қызметке жататын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;

287) тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы бағдарламаны қабылдау;

288) нұсқамалық материалды пайдалана отырып шетелдік пайдаланушылардың азаматтық әуе кемелерін перрондық тексеруді және егер осындай әуе кемесінің бортында Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары не пайдаланушы сертификатының шарттары мен пайдалану шектеулері сақталмайды деп есептеуге негіз болса, шетелдік пайдаланушының азаматтық әуе кемесіне жоспардан тыс перрондық тексеруді жүзеге асыру;

289) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын әзірлеу;

290) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру;

291) облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу;

292) облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін келісу;

293) жол саласындағы инвестициялық және әлеуметтік саясатты іске асыру;

294) мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Ұлттық операторды қаржыландыру;

295) сапаға сараптама жүргізу жөніндегі заңды тұлғалардың автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу;

296) автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде талап етілетін сапаны жобалау саласында қабылданған нормалар мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету;

297) ақылы автомобиль жолдарын (учаскелерді) құру мен пайдалануды бақылауды жүзеге асыру;

298) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары, Ұлттық оператор немесе концессионер пайдаланбайтын жер учаскелерін жолдың көліктік-пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеу, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау шартымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға беру;

299) қысылтаяң жағдайларда (қолайсыз ауа райы-климат жағдайлары, дүлей зілзалалар, өрт, автомобиль жолдарының көтергіштік қабілетінің жойылуы), сондай-ақ жөндеу-құрылыс жұмыстары жүргізілген кезде жол жүрісінің қауіпсіздігі жөніндегі органмен және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, тиісті жол белгілерін қойып және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл жөнінде жергілікті атқарушы органдарды және автомобиль жолдарын пайдаланушыларды хабардар ете отырып, көлік құралдарының жол жүрісін шектеу немесе тоқтату және автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

300) мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар бойынша теміржол қатынасын тоқтату;

301) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.12.2016 № 804 қаулысымен.

302) теміржолдар мен теміржол станцияларының жобалау-техникалық құжаттамасы мен бас схемаларына сәйкес жер учаскелерін беру нормативтерін келісу;

303) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

304) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

305) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар енгізу;

306) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

306-1) жеке және заңды тұлғалардың қалалық рельсті көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауын бақылау, оларды бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қолдану;

306-2) жай-күйі жол жүрісі қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келмейтін қалалық рельсті көлік объектілерін пайдалануды тоқтата тұруды жүзеге асыру;

307) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру мен қаржыландыру қағидаларын әзірлеу;

307-1) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу, диагностикалау және паспорттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес автожол саласының нормативтік-техникалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

308) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын, тізбесін, атауы және индекстерін, оның ішінде қорғаныс мақсатындағы автомобиль жолдарының тізбесін әзірлеу;

309) автомобиль жолдарын, қорғаныстық маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларын әзірлеу;

310) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеуді және күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін әзірлеу;

311) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен жүріп өту үшін алымдарды төлеу тәртібі мен олардың мөлшерлемелерін әзірлеу;

312) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану тәртібі мен шарттарын әзірлеу;

313) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру қағидаларын әзірлеу;

314) астананың, республикалық маңызы бар қаланың көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін әзірлеу;

315) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

316) - 400) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен;

400-1) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;

401) - 406) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен;

407) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 1123 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

408) - 418) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен;

419) - 434) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.11.2016 № 704 қаулысымен.

435) тұрғын үй қатынастары саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

436) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты-тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру, (орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын жылу электр орталықтары мен қазандықтардан басқа) жылумен жабдықтау, сондай тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

437) республикалық маңызы бар қаланың, астананың, халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобаларына, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамасына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру;

438) жобалардың мемлекеттік сараптамасына басшылықты жүзеге асыру;

439) тұрғын үй қорының жай-күйіне мониторингті жүзеге асыру;

440) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасын қолдану мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету;

441) үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды реконструкциялау, салу мақсатында әзірленетін және бекітілетін сәулет-құрылыс және өзге де жобалау

алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

442) терможаңғыртуды ескере отырып, типтік көп пәтерлі үйлердің жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз ету;

443) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеуді, бекітуді, қолданысқа енгізуді және күшін жоюды ұйымдастыру;

444) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз ету;

445) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттердің, стандарттардың және өзге де құжаттардың қорларын жүргізу;

446) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіру;

447) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді және тиісті салада олардың іске асырылуын жүзеге асыруды ұйымдастыру;

448) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөнінде есептерді бекіту;

449) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

450) стандарттар мен өзге де құжаттарды әзірлеу жөніндегі жоспарларды дайындау және іске асыру және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үндестіру;

451) мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттауды жүргізу;

452) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға нұсқамалар беру және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

453) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген функцияларды тиісінше орындау бөлігінде бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

- 454) үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсаттар туралы ақпаратты жинау;
- 455) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялар мен аттестаттардың тізілімін жүргізу;
- 456) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын аттестатталған сарапшылардың тізілімін жүргізу;
- 457) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын бірыңғай біліктілік талаптарын әзірлеу;
- 458) тұрғын үй көмегін ұсынуды мониторингілеуді жүзеге асыру;
- 459) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің құрылысына жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының бірыңғай мемлекеттік электрондық банкін қалыптастыру;
- 460) құрылыстағы баға белгілеу мен сметалық нормалар бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;
- 461) мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілердің құрылысы саласындағы баға белгілеу және экономика бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 462) құрылыстағы жаңа технологиялардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және жүйелі түрде жаңартып отыру;
- 463) объектілер құрылысы жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу;
- 464) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу;
- 465) жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп тексеруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу;
- 466) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысатын инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аккредиттелген мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарының тізілімін жүргізу;
- 467) жобалау және құрылыс салу процесіне қатысатын аттестатталған инженерлік-техникалық жұмыскерлердің тізілімін жүргізу;
- 468) жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп тексеру бойынша

техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізу;

469) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың тізілімін жүргізу;

470) кондоминиум объектісін басқару органы мен түпкі тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді жеткізуші нарық субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың үлгілік шарттарын әзірлеу;

471) мемлекеттік қала құрылысы кадастрын құру және оның жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

472) тиісті аядағы (саладағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу ;

473) табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын бекіту;

474) сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды кредиттеу мен субсидиялауды жүзеге асыру;

475) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2015 № 100; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.06.2015 № 425; 29.12.2015 № 1123 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 16.06.2016 № 353; 15.11.2016 № 704; 15.12.2016 № 804 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) ; 15.02.2017 № 70; 03.07.2017 № 415; 20.10.2017 № 662; 17.07.2018 № 437 қаулыларымен.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды тексеру нәтижелері бойынша оны мәртебесінен айыру туралы ұсыныммен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүгінеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

19. Министрлікке басшылық етуді Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асырудыға дербес жауапты болатын Министр жүзеге асырады.

20. Министрді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және Қазақстан Республикасының Президенті қызметтен босатады.

Ескерту. 20-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Министрдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (вице-министрлері) болады.

22. Министрдің өкілеттіктері:

1) реттелетін саладағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

2) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды;

3) вице-министрлердің біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жіберілетін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктейді;

4) жауапты хатшымен келісім бойынша ведомстволар басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

6) Министрлікті Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

7) Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

8) Министрлікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және бұрыштама қол қояды;

9) Министрлікке сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министр болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

23. Министр өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

24. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Министрліктің мүлкі

25. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

28. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2015 № 100; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2015 N 231; 24.04.2015 № 286; 16.07.2015 № 536; 28.08.2015 № 668; 28.12.2015 № 1093; 29.01.2016 № 39 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.04.2016 № 184; 30.06.2016 N 388; 15.11.2016 № 704; 28.11.2016 № 744; 01.03.2017 № 100; 19.05.2017 № 276; 24.05.2017 № 286; 25.05.2017 № 291; 23.06.2017 № 393; 03.07.2017 № 415; 21.08.2017 № 493; 06.11.2017 № 712; 03.05.2018 № 235; 20.09.2018 № 578 ; 13.12.2018 № 830 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Акционерлік қоғамдар

- 1) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;
- 2) "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамы;
- 3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1093 қаулысымен.
- 4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.06.2016 № 353 қаулысымен.
- 5) "KAZAKH INVEST" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы";
- 5) "Қазгеология" ұлттық геологиялық барлау компаниясы" акционерлік қоғамы.

6) "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 01.03.2017 № 100 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

- 1) "Ұлттық аккредиттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2017 № 291 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті:

жауапкершілігі шектеулі серіктестік

"Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі";

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.06.2018 № 376 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Жезқазғансирекмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны";

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Ұлттық технологиялық болжау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің "Кәсіби әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Акционерлік қоғамдар

1) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 286 қаулысымен.

2) "Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты (Қазақэнергиясараптама)" акционерлік қоғамы;

3) Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.12.2018 № 830 қаулысымен.

4) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 19.05.2017 № 276 қаулысымен.

5) "Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы.

6. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Ескерту. Кіші бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 23.06.2017 № 393 қаулысымен.

Республикалық мемлекеттік мекемелер

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Ақмолажолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Ақтөбежолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Алматыжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Атыраужолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Батысжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Жамбылжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Шығысжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қарағандыжолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

9) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қызылордажолзертханасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

